Ж.Н. СӘРСЕНОВА

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Оқу құралы

АЛМАТЫ. 2013

УДК 316
ББК 60.5я73

Пікір жазған:
элеуметтану ғ. д., проф. АБИШЕВ М.А.

Ж. Н. СӘРСЕНОВА . **Әлеуметтік жұмыс**. Толықтырылып өңделген екінші басылым: - Алматы. «Нур-Принт», 2013 ж. – бет.

ISBN 9965-894-46-9

Берілген оқу құралы кредиттік технология бойынша оқытуға арналған алғашқы оқу құралдарының бірі болып табылады. Кітаптің бірінші басылымы 2004 жылы шықан. Кітапте тарихи, теориялық және тәжірибелік бөлімдері келтірілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында оқитын магистранттарға, студенттерге және мектептегі әлеуметтік педагог маманына, өз бетінше ізденушілерге арналған.

УДК 316
ББК 60.5я73

ISBN 9965-894-46-9

© Сәрсенова Ж.Н., 2013 ж.
© Нур-Принт, 2013 ж

МАЗМҰНЫ

1. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....4

2. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ЖҮЙЕСІ.....8

3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР.....12

4. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР.....17

5. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....25

6. ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ.....30

7. ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС.....48

8. АУРУ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ.....64

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ...74

Г Л О С С А Р И Й.....94

1. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Әлеуметтік жұмыс туралы алғаш рет б.э.д. Вавилонда 1750 ж. кедей адамдарға қамқорлық жасау, туыс адамдарды сүю туралы құжаттар шыққанда айтыла бастады. Ертедегі Грецияда «филантропия», яғни «адамзатқа сүйіспеншілік» деген түсінік пайда болды. «Филантропия» сөзі екі бөлімнен тұрады: «фило» («сүю») және «антропос» («адам»). Ресейде әлеуметтік жұмыстың бір түрі 1864 жылы пайда болды, яғни реформа кезінде қызметкерлерді сынау, көру арқылы тағайындалды. Бұл қызметкерлер үйсіз-күйсіз, ауру, қария адамдардың, кішкентай балалардың мұқтажын көруге тиіс болатын.

Совет Одағы кезінде адамдар кәсіпшілер одағынан (партком, аудандық комитет және т.б. ұйымдардан) көмек сұрауға мәжбүр болатын. Біздің елімізде әлеуметтік қызметкерлердің мамандығы соңғы жылдары пайда болды.

Әлеуметтік қызметкерлер түрлі мамандық иегері болады: педагог-психолог, этнолог, әлеуметтік заңгер, эколог, валеолог, әлеуметтік аниматор, геронтолог; белгілі бір топ адамдарымен (мүгедектермен, босқындармен, аурулармен) жұмыс жүргізетін әлеуметтік қызметкер; мекемелердегі (мектепте, өндіріс саласында, әскери ортада) жұмыс атқаратын әлеуметтік қызметкерлер және т.б.

Әлеуметтік жұмыстың мақсаты – бір адамға немесе отбасындағы барлық адамдарға, әдеттегі жағдайды жасау туралы көмек көрсету. Әлеуметтік қызметкерлер адамдарға төмендегі жағдайларды бастарынан өткізген кезеңде керек болады:

– әлеуметтік және психологиялық қақтығыстар, стрестік жағдайлар;
– кедейшілік пен жоқшылық;
– алкоголизм мен нашақорлық;
– зорлық-зомбылық пен алалау;
– этникалық және ұлттық мәселелер;
– қылмыс жасау және құқық бұзушылық;
– жұмыссыздық пен мамандық адаптация;

– мүгедектік және жалғызіліктілік;
– пәтер мәселесі;
– қамқорлыққа алу, бала асырау;
– ата-ана қатыгездігі және т.б.

Әлеуметтік жұмыстың ерекше құндылықтары:

– жақын адамға деген сүйіспеншілік, жан ашу, қиыншылықта бірге болу;
– ниеттестік;
– жағдайды өзгертуге деген мүмкіндікке сену;
– көмек жасау ниеті мен жәрдемі;
– білім жинау;
– тәжірибе алу;
– әлеуметтік шығармашылық.

Әлеуметтік жұмыстағы маңызды бір кезең – адамдар үшін, біздер барлық мәселені шешпеуіміз қажет, олар өздерін қанағаттандыратын жолды тауып алуы тиіс. Адамдарды еріксіз көндірмеу керек. Адамдарға билік жүргізбей көмек көрсету керек. Олар үшін барлығын шешпеуіміз тиіс. Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде әлеуметтік қызметкерлердің 10 рөлін айқындап беріп отыр:

– қиындықты басынан кешірген, мәселелері бар адамдар тобын айқындау:
– жиналған ақпаратты бағалау мен бір жүйеге келтіру;
– клиенттер туралы алынған мәліметтерді талдау және топтау;
– олардың мәселесін шешетін мекемелер, ұйымдар табу;
– адамдар арасындағы жанжал кезінде сарапшы болу, олардың бірге жұмыс жасауына, уағдаластықты шешуге көмек көрсету;
– адамдардың қорғаушысы болуға, олардың құқығы үшін күресуге, заңға

өзгертулер енгізу;

– адамдарға білім беру үшін, мұғалімдік қызмет атқару, оларға психологиялық қолдау көрсету;
– басқа да әлеуметтік қызметкерлерге көмек көрсетіп, кеңесші болу;
– әлеуметтік жұмысты құру;
– басқару, қабылданған басқару шешімдерін жүзеге асыру.

Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде жеке адамдардың, отбасының және басқа да қоғамдағы әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, жеке мекемелердің ұйымдық мамандары мен белсенділердің қоғамдық және маманданған іс-әрекеттерін зерттейді.

Барлық ғылымдар: табиғи, қоғамдық және техникалық ғылым болып бөлінеді. Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде басқа ғылымдармен тығыз байланыста. Ол медицина, психология, әлеуметтану, педагогика, сонымен қатар қоғамдық және табиғи ғылымдармен тығыз байланыста. Әрбір ғылымның теориялық және практикалық аспектілері бар. Әлеуметтік жұмыстың ерекшелігі – ол білім мен іскерліктің бірлігінде. Ол бірліксіз адамның әлеуметтік қызметкер болуы мүмкін емес. Онда да бірінші орында әлеуметтік жұмыстың тәжірибесі тұрады.

Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретінде қағидалары:

– жалпы қағидалар (гуманизм, альтруизм, әділеттілік, қоғамдық, топтық және жеке тілектердің үйлесімділігі, өзін-өзі қамтамасыз ету);

– психологиялық-педагогикалық қағидалары (сенім көрсету, эмпатия, аттракция және т.б.);

– методикалық қағидалар (жетік болу, дәйектілік, айырықша келу, сабақтастық т.б.).

Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде – көбінесе қолданбалы өзгеше ғылым. Ол жас ғылым, 995 жылдан бері Ресейде «Ресейдің әлеуметтік жұмыс туралы журналы» жарыққа шығудан пайда болды. Ал әлеуметтік жұмыс туралы диссертациялар қорғалмады. Әлеуметтік жұмыстың мәселелерін басқа ғылымдар: әлеуметтану, психология, педагогика, саясаттану ғылымдары қарастыруда.

Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретіндегі негізгі ұғымдары оның категориялары болып табылады. Ең бірінші категория әлеуметтік жұмыс туралы түсінік, сонымен қатар: «әлеуметтік педагогика», «әлеуметтік қорғау», «әлеуметтік қамсыздандыру», «әлеуметтік қолдау», «әлеуметтік қызмет көрсету». «әлеуметтік көмек», «әлеуметтік саясат», «әлеуметтік реабилитация», «әлеуметтік кепілдік», «әлеуметтік басқару», «әлеуметтік қызметкер» ұғымдары. Қазіргі кезеңде мамандар арасында көп түсініктер байланысы туралы пікір таласы да тууда.

Ғалымдар, әлеуметтік жұмыс категорияларын үшке бөлуде.

1) Кірме түрлері, яғни бұл әлеуметтік жұмыс пәнінде негізгі емес, оны білдіретін құбылыстар мен процестерді басқа ғылымдар да зерттейді: «әлеуметтену», «қоғамдық іс-әрекет», «қоғамдық белсенділік», «қоғамдық субъектілік» және т.б.

2) Жалпы түрлері, бұл әлеуметтік жұмыстың негізгі категориялары, бірақ басқа да ғылымдарда қолданады: «психоәлеуметтік жұмыс», «структуралық әлеуметтік жұмыс».

3) Әлеуметтік жұмысқа тән арнайы түрлері: «тиімділік», «жүйелілік», «жинақтылық» (комплекстық) және т.б.

Біздің елімізде бұл мамандық 1991 жылы енгізілді. Оқушыларға оқулықтар жазылды. Мамандарды даярлау барысында мына пәндерді міндетті түрде игеру керек: «мамандық туралы алғы сөз» «әлеуметтік жұмыстың тарихы», «әлеуметтік жұмыстың теориясы», «әлеуметтік жұмыстың технологиясы», «әлеуметтік жұмыстың экономикасы», «әлеуметтік жұмысты басқару», «шетелдегі әлеуметтік жұмыс», «әлеуметтік жұмыстың этикасы» және т.б. Бұлар – жалпы пәндер. Бұл жалпы пәндерге мыналар да жатады: психология, тәжірибелік психология, әлеуметтану, жалпы және әлеуметтік педагогика және т.б.

Сонымен бірге жалпы гуманитарлық (философия, тарих, мәдениеттану, саясаттану т.б.) және әлеуметтік-экономикалық пәндер (математика, қазіргі жаратылыстану тұжырымдамалары (концепциялары) және т.б.) оқытылады. Бізде әлеуметтік қызметкерлерді мұғалімдерді дайындағандай дайындайды. Мұны дұрыс деуге болмайды, себебі тәжірибелік дайындықты күшейту керек.

Бельгияда, Ағылшын елінде, АҚШ-та, Францияда болашақ әлеуметтік қызметкер маманы – өзінің оқу уақытының үштен бірінен 65 дейін тәжірибе алумен өткізеді. Ресейде әлеуметтік қызметкердің тәжірибесі жоғары оқу орындарында – 20 пайызын құрайды, ал әлеуметтік педагогтың тәжірибелік жұмысы –11 пайызын құрайды. Қазақстан Ресейдің жолымен оқытуда.

2. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ЖҮЙЕСІ.

Әлеуметтік жұмыстағы «субъект» пен «объект» ұғымдары латын тілінен алынған сөздер. «Субъект» деген әрекет етуші, оның өзінің құқығы мен міндеті бар. Философия мен әлеуметтануда субъект деп қоршаған ортаны танитын және онда әрекет ететін адамды атайды. Әлеуметтік жұмыста «субъект» деген осы әлеуметтік жұмысты атқарушы. Әлеуметтік жұмыста субъект – ол тек жалғыз адам ғана емес, бір ұйым, не қоғам болуы да мүмкін, мысалы: «Бөбек» балалар қоры, «Қызыл крест пен Қызыл жарты ай қоғамы». Әлеуметтік жұмыстың субъектісіне әлеуметтік қолдау көрсеткен жағдайда мемлекет те, сонымен бірге түрлі қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар да жатады.

Әлеуметтік жұмыспен айналысатын жеке адамдар өзінің мамандығы бойынша жұмыс жасайтын, соған сай жалақы алатын және қоғам қайраткері ретінде ақы алмай жасайтындар болып бөлінеді. Бүкіл әлемде мамандандырылған қызметкерлер саны – 500 мың адамдай, олардың «әлеуметтік қызметкер» мамандығы бойынша дипломдары бар. Мысалы, 1990 ж., Швецияның үлкен, ірі 3 қаласында мамандандырылған қызметкерлер саны – 3,5 мың адам болса, мамандығы жоқтар саны – 46,5 мыңға жетті. Олардың ішінде қосымша жұмыс атқарушы 2600 ауыл хат тасушысы 1 млн. адамды қамтамасыз ететін. Ресейде әлеуметтік жұмыспен қосымша жұмыс ретінде 8–10 млн. адам айналысады екен деуге болады.

Балаларды әлеуметтік жұмысқа тарту оларды тәрбиелеуге үлкен жетістіктер әкеледі. Жазушы Аркадий Гайдар «Тимур и его команда» атты кітабын жазды. Сол кітап жарық көргеннен кейін, Совет Одағында балалардың қарт адамдарға және соғысқа қатысушыларға көмек көрсетуі кең етек алды. Тимурлық қозғалыс – әлеуметтік жұмыстың бір түрі болды.

Әлеуметтік жұмыстың объектісі – бір адам, отбасы немесе адамдар тобы болып табылады. Көмек керек әлеуметтік жұмыстың объектісі болатын адамдардың барлығы «клиенттер» деп аталынады. Әлеуметтік жұмыстың әрекет етушісі әрқашанда белсенді болуы тиіс.

Әлеуметтік жұмыс – әрекеттің ерекше бір түрі. Егерде құрылысшы үй салса, темір ұстазы (слесарь) машиналарды жөндесе, ал әлеуметтік қызметкер адамды «құрады». Ол өзінің адамымен (клиентімен) әңгімелеседі, оның психологиялық стресін кетіреді, оны күнделікті өмірдің ырғағына енуге көмек көрсетеді; үйінен шыға алмайтын адамдарға дүкеннен азық-түлік алып келуге көмек береді. Әлеуметтік жұмыс – бұл өз бетімен өмір сүре алмайтын, өзінің өмірлік мәселелерін шеше алмайтын адамға көмек ретінде бағытталған іс-әрекет.

Әлеуметтік көмектің объектісі болып: мүгедектер, қарт адамдар, жалғыз басты және ауру адамдар, жетім балалар, көп балалы отбасы және жалғыз басты аналар болуы мүмкін. Кейде керемет тұратын адамның өзі, сәтсіз оқиғаның арқасында өте қиын жағдайларға тап болуы, кейде балалар нашар топқа түсіп, есірткі сатушылардың торына түсіп қалуы мүмкін. Көбінесе әйелдер бір немесе бірнеше балаларды тәрбиелеуде, немесе баласы жаман топтың арасына түсіп қалса, егер де күйеуі ішімдікке салынса немесе басқа әйелге кетіп қалса – онда оларға көмек керек болады.

Бірде-бір адам көмек сұрайтын жағдайдан сақтанбаған... 2003 ж. 9 қарашадағы «Столичная жизнь» газетінде 50 жастағы Татьяна Михайловна атты әйел туралы әңгімеленген. Ол өз шешесімен, баласымен, күйеуімен тұрған. Кейін шешесі де, күйеуі де қайтыс болады. Қыстыгүні құлап, аяғын сындырып алады, содан ауруханаға түседі. 2 ай бойы ауруханада гипспен жатады. Осы уақытта баласы үйін сатып, белгісіз бағытта қашып кетеді. Кейін тағы да ауруханаға түседі. Оны «жазылды» деп шығарып жібереді, ол ауруханаңың алдында түнімен орындықта отырып, аяғын үсіріп алады. Оның үсіген аяғының бармақтарын кеседі. «Жазылды» деп, оны ауруханадан шіркеуге апарып тастайды. Шіркеу қызметкерлері полиция шақырады. Оны тағы да ауруханаға алып кетеді...

Әлеуметтік жұмыс жүйесіне қатысы бар адамдардың барлық әлеуметтік жұмысты басқарусыз жүргізуі мүмкін емес. Әлеуметтік жұмысты басқарудың көптеген элементтері бар: бағалау, жоспарлау, шешімдер қабылдау, тіркеу мен бақылау, жүйелеу, ұйымдастырушылық және материалды-техникалық қамту, әлеуметтік жұмыс үшін кадрларды тәрбиелеу мен дайындау.

Дұрыс бағалау үшін, жақсы жоспар құру үшін, дұрыс шешім қабылдау үшін әлеуметтік қызметкер көп білуі тиіс, яғни адамның құқығы мен міндетін, өз міндеті мен құқығын, әлеуметтік қамсыздандыру мен көмекке қатысты сұрақтардың барлық заңдарын, психология, педагогика, әлеуметтану негіздерінен білуі тиіс.

Басқару жоспарын құру алдында, әрқашанда, әлеуметтік жұмыстың клиенттері – ерекше адам екенін естен шығармау керек. Олар көмекке, ескертуге зәру болады; олар – ауру адамдар, олардың ішінде – жарым естілер (мысалы, нашақорлар, ішкіштер т.б.) адамдар болады.

Әлеуметтік жұмыстың мақсаты – клиенттердің мұқтажын қанағаттандыру. Қазіргі кезде Ресейде және Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлерге үлкен мән беруде, олардың мойнына қоғамдағы көптеген мәселелерді салып қояды да, кейде әлеуметтік қызметкерлердің шамалары жетпей жататын кездер болады.

Мысалы, кейінгі кездері әлеуметтік жұмыстың бір объектісі – жұмыссыздар пайда болуда. Мемлекет жұмыссыздар мәселесін шешуге дайын болмай шықты; әлеуметтік жұмыс жасайтын қызметкерлер дайын болмады, осындай жаңа мамандықты меңгеру үшін, дайындау мен қайта дайындауға ақша бөлінбеді, жаңа жұмыс орындарын ашатын мемлекеттік органдар құрылмады. Әлеуметтік қызметкерлер жұмыссыздық мәселесін шеше алмады. Жұмыссыздық мәселесін тек қана мемлекет тұрғысында, жаңа жұмыс орындарын ашумен, яғни зауыттар, фабрикалар ашумен шешуге болады.

Ғалымдар әлеуметтік жұмыстың тиімділігін айқындататын формула ойлап тапты:

Т Қ/М+Ш+Ж Т – тиімділік Қ – қорытынды

М – мақсат Ш – шығын Ж – жағдай

Тиімділіктің өзі оң немесе теріс болуы мүмкін. Мысалы, Совет Одағы құлап қалған кезде Ресейдегі де, Қазақстандағы да әлеуметтік саясаттың тиімділігі теріс жағдайда болды.

Әлеуметтік жұмыстың ғылым ретіндегі тиімділігі білім көмегіне байланысты, жаңа технологияларды құруға, инновациялық

әдістемелерді игеруге байланысты. Әлеуметтік жұмыстың оқу пәні ретіндегі тиімділігі – оқушылардың әлеуметтік жұмыс туралы түсінігінің тұтастығының қалыптасуында, олардың білімінің мемлекеттік стандартқа сәйкес болуында. Әлеуметтік жұмыстың тәжірибелік әрекет ретіндегі тиімділігі клиенттердің мұқтажын зерттеу мен қанағаттандыру болып табылады.

Әлеуметтік жұмыстың тиімділігінің сандық және сапалық анықтамасы әлеуметтік мұқтаждық түсінігі болып келеді. Мұқтаждық – өмірлік іс-әрекет үшін керек қажеттілік. Мұқтаждық табиғи, яғни өзінің күнделікті өмірдегі: тамаққа, киімге, демалуға, үйге және т.б. деген қажеттілігін қанағаттандыру мен әлеуметтік (еңбек, мәдениет, кітап, өнер және т.б.) болып екіге бөлінеді. Барлық мұқтаждықтар тығыз байланысты.

3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР.

1) Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтану. Әлеуметтану XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында пайда болған; әлеуметтік ғылым болып құрылады. Әлеуметтанудың негізін құрушы, француз ойшылы Огюст Конт «социология» терминін ойлап тапты. «Социология» латынның сөзі «қоғам» дегенді және гректің «логос» «ілім» деген мағынаны білдіреді. XX ғ. әлеуметтану қоғамды танитын ғылым болып, толық қалыптаспады. Қазіргі кезде әлеуметтану –тұлғалардың, топтардың және қоғамның толық дамуын зерттейтін ғылым.

Әлеуметтану қоғамды және әлеуметтік қатынастарды тұтастай зерттей келе, ғылым ретіндегі әлеуметтік жұмысқа қоғам туралы білім береді. Әлеуметтік қызметкердің әлеуметтанушы болуы тиіс, ол қоғамның дамуы мен құрылымының заңдылығын жақсы білуі тиіс. Әлеуметтік жұмыста қоғамды, жеке тұлғаны, отбасын, саясатты, дінді және т.б. зерттеуде, осылардың барлығы оған білім ретінде керек болады. Көп балалы отбасымен жұмыс жүргізу, нашақор, жұмыссыз қалғандар мен жалғыз басты аналармен және т.б. жұмыс жүргізу алдында әлеуметтік қызметкер отбасы, еңбек әлеуметтануын, девианттық мінез-құлық әлеуметтануын, гендерлік әлеуметтануын білуі тиіс. Осы бойынша, біріншіден, әлеуметтану әлеуметтік қызметкерге білім береді, ал әлеуметтік қызметкер әлеуметтану ғылымына сүйенеді.

Екіншіден, әлеуметтік жұмыс әлеуметтану зерттейтін пәндерге жатады, ол: «дене шынықтырудың мәдениеті мен спорт әлеуметтануы», «медицина әлеуметтануы», «тәрбиелеу әлеуметтануы», «әлеуметтік білім беру» сияқты, «әлеуметтік жұмыс әлеуметтануы» деп, әлеуметтанудың бір бөлігі болады. Жалпы әлеуметтанумен салыстырғанда, әлеуметтік жұмыс қолданбалы пәндерге жатады.

Үшіншіден, әлеуметтік жұмыста өз зерттеу тәсілдерімен қоса, әлеуметтану әдістерін де пайдаланады. «Әлеуметтік жұмыс» атты мамандықтың студенттері өз мамандығына бай-

ланысты зерттеулерді: анкета, интервью, бақылау, социометрлік әдіс, құжаттарды сараптау және т.б. әлеуметтік әдістерден кейін жүргізеді. Болашақ әлеуметтік қызметкерлер «Әлеуметтік жұмыстың мәселелерін әлеуметтік әдістері мен меңгеру техникасы» атты сабақты зерттейді.

Төртіншіден, әлеуметтік жұмыс ғылым және іс-әрекет тәжірибесі ретінде әлеуметтануға эмпирикалық мәліметтер және деректер береді.

2) Әлеуметтік жұмыс және философия. Әлеуметтік қызметкер өзінің іс-әрекетінің объектісі ретінде адамды алады, ал адамды әртүрлі ғылымдар меңгереді: әлеуметтану, педагогика, психология, медицина және т.б. Тек философия ғана адамды тұтас етіп қарастырады, барлық ғылымды бір арнаға ортақтастырады.

Философия ерте заманда адамзаттың әлемді тұтас екенін түсіндіру мақсаты негізінде туындаған. Адамның өзінің өмір сүруі, ақыл-есінің болуы және дамуы «Мен кіммін?», «Мен және басқа адамдар қайдан пайда болды?» деген философиялық сұрақтар қояды. Ол адамзат туралы жалпы сұрақтарды талқыға салады, оның өмірінің мағынасын және өмір сүруін ашады. Философия ақыл-оймен байланысты. «Адамға философия керек пе?» деген сұрақ, «Ақылды болу пайдалы ма, адамға ойлану керек пе?» дегенді білдіреді.

«Философия» гректің сөзі, «даналыққа сүйіспеншілік» деген мағынаны білдіреді. Философия тек Грецияда ғана емес, Грецияға дейін де пайда болған. «Философия»» деген терминді ежелгі грек математигі Пифагор, б.э.д. 2600 жыл бұрын ойлап тапқан деп есептейді.

Философия көптеген бөлімдерден тұрады: онтология (болмыс туралы ілім), гносеология (таным туралы ілім), антропология (адам туралы ілім), этика (қайрымдылық пен зұлымдық туралы ілім), логика (ойлау туралы ілім), аксиология (құндылықтар туралы ілім), әлеуметтану (қоғам туралы ілім) және т.б.

Өз бөлімдерінде философия жоғарыдағы аталған ғылымдарды қайталаймайды, бірақ тану, ойлау, қоғам, адам туралы жалпы сұрақтарды қарастырады.

Философиядан басқа философиялық ғылымдарға біртіндеп өту

толық айқындалмаған, кейде қай жерде философия бітіп, тек жеке мәселелерді ойлау, тану, адамды зерттеу басталатынын көрсету қиын. Бұл философия ғылымының басқа ғылымдарға қарағанда ерте дамығанын және жалғыз ғылым тәріздес білім болғанына байланысты. Біртіндеп философиядан бөлініп, жеке ғылымдар құрыла бастады, мысалы, астрономия, геометрия, физика, терапия, математика.

Жаңа ғылымдардың пайда болуы мен құрылуы жалғасуда, философия ғылымы да дамуда. Философия мен басқа да ғылым арасында осы өзгерістерге қарамай, философияның екі рөлі мен міндеті қалады: методологиялық және дүниетанымдық. Дүниетаным ретінде философия барлық ғылымдарды біріктіреді, ғылымдар жүйесін, әлемнің тұтастай ғылыми көрінісін құрады. Методология ретінде философия ғылымдарды басқарады, ол оған танымның жалпы әдістерін береді.

Әлеуметтік жұмыс іс-жүзінде қолданбалы ғылым болғандықтан, теориялық жағынан ол әлеуметтану, педагогика, психология және басқа ғылымдармен тығыз байланысты, ал философия болса, әлеуметтік жұмысқа осындай ғылымдар арқылы әсер етеді, сол арқылы байланыста болады.

Бірақ әлеуметтік жұмыс іс-жүзінде қолдана отырып, әлеуметтік қызметкердің әрекетімен байланысты. Сондықтан философия әлеуметтік қызметкерге жалпы мәдениет, психологиялық және логикалық феномен ретінде керек. Философиялық білім адамның жеке дара қасиетін көтереді, оны тәуелсіз ойлайтын, өзінше әрекет жасайтын, әрбір адамның тұрмыстық бағасын байқайтын адам ретінде тәрбиелейді. Философияны, логиканы, этика мен эстетиканы және басқа да ғылымдарды білетін адам – мәдениетті адам. Жалпы мәдениет әлеуметтік қызметкердің ажырамас қасиеті болады.

3) Әлеуметтік жұмыс және тарих. Әлеуметтік жұмыс пен тарих бірнеше түрлі өзара байланысты. Тарихи процесс кезінде әлеуметтік жұмыстың тәжірибесі мен теориясы бір-бірінен ажырамайтын құбылыс, ол қоғамның даму нәтижесінен туған. Әлеуметтік жұмыстың пайда болуы қоғамның прогрессті (өрлеу) дамуына байланысты.

Адамзат тарихында түрлі өркениеттердің елдері мен діндерінің арасында қақтығыстар болған, олар: қытай, үнді, мұсылман, батыс елдері және конфуцийшілдік, индуизм, ислам, христиан діндері. Әлеуметтік жұмыс өркениеттерден және діндерден алшақ жүргізілетін жұмыс. Оның мақсаты – қоғамда тепе-теңдікті сақтау, қоғамдық қақтығыстарды болдырмау, ал болып қалған жағдайда, олардың көзін тез арада жоюға көмектесу.

Әлеуметтік жұмыстың тарихи бөлінуге: бай мен кедейдің қоғамына қатысы бар. Ол әуел бастан-ақ кедейлерге көмектесу үшін пайда болды. Батыста жоғары оқу орындарында әлеуметтік қызметкерлерді кедей адамдарға көмекші ретінде тәрбиелейді.

Әлеуметтік жұмыс қоғамның әлеуметтік институттарында: денсаулық сақтау, білім беру, отбасы, діндік ұйымдарда (мешіт, шіркеу т.б.) өз орнын алады. Егер де денсаулық сақтау мекемесі денсаулығын түзесе, оқу білім жүйесі оқытса, ал әлеуметтік жұмыс қиындық туған шақта адамдарды қолдайды, көмек көрсетеді, сондықтан әлеуметтік қызметкерлер өз жұмысында дәрігер, тәрбиеші, психолог, жақсы педагог және т.б. болуы тиіс.

4) Әлеуметтік жұмыс және саясат. Саясат дегеніміз – қоғамды басқару өнері. Саясаттың басты мәселесі мемлекет пен мемлекеттік басшылық болып табылады. Мемлекет әлеуметтік институт ретінде қоғамды басқарады. Өзінің органдары арқылы: құқық, сот, әскер, әкімшілік жүйе т.б. қоғамдағы адамдардың арасындағы қарым-қатынасты реттейді.

Мемлекеттік саясат: ішкі және сыртқы болып екіге бөлінеді. Әлеуметтік жұмыс мемлекеттің ішкі саясатына қатысты. Ол әлеуметтік бағдарламаларда, заңдарда, мемлекет басшысының жарлықтарында, мемлекеттік органдардың салықтық жеңілдік құжаттарында көрініс береді. Әлеуметтік саясат экономикасының дамуына тәуелді және әрқашанда олар өзара байланыста.

Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік саясаты халықты нарық қатынастарының тигізетін әсерінен сақтауы тиіс, ол қоғамда әділдікті қамтамасыз етуі керек. Жергілікті әлеуметтік жұмыс мемлекетіміздің әлеуметтік саясатын қолдауға, оны өткізуге көмектеседі. Осыдан әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік саясаттың байланысы көрініс береді.

Әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік саясаттың байланысы – осы саясаттың әлеуметтік қызмет арқылы жүргізуінде. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты өзінің тұрақты орындалу механизмдері (әлеуметтік қызметтің көп түрлері, әлеуметтік бағдарлама, мемлекеттік шешімдер мен шаралар) арқылы халыққа көмек көрсетеді. Мемлекет халыққа ақшалай, азық-түлікпен көмек береді, мүгедектер мен жалғызілікті қарт адамдарға әлеуметтік қызметкерлерді тағайындап, жүктейді. Уақытша тұратын үй, тегін медициналық қызмет көрсетеді, зейнетақы төлейді.

4. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

1) Әлеуметтік жұмыс және педагогика. Педагогика – адамды тәрбиелейтін ғылым. Әлеуметтік жұмыста – педагогика ғылымы болып табылады. Мақсаты – адамды тәрбиелейді, оны жақсылыққа талпынуға үйретеді. Педагог адамды тәрбиелеу барысында оның өзгеретініне сенім білдіреді, өмірдің соңына дейін сол бір қалыпты қалмайтынына сенеді. Педагогиканың өзі жарқын болашақты ғана үндейді, бірақ кейде кейбір педагогтардың өздері өте жаман қылықты адам болуы мүмкін. Мысалы, 53 адамды өлтірген қатыгез Андрей Чикатило мектепте мұғалім болып қызмет атқарған, жоғары филологиялық білімі болған.

Әлеуметтік жұмыс пен педагогика өзара түрлі байланыста: педагогика адамды бала кезінен тәрбиелеуге, өмірде дұрыс бағыт алуға, тәрбиелеудің – өзін-өзі тәрбиелеуге көшу керектігін міндеттейді. Ол адамды қылмыс жолына түспеуге, жаман қылықтардан бойын аулақ салуға, ішкіш, нашақор болудан бас тартуға тәрбиелейді. Екіншіден, педагогика өзін-өзі жоғалтқан, жаман жолға түскен адамдарды кері қайтарады. Бұл екеуінде де педагогика еңбек тәрбиесіне үлкен мән береді. Көп білетін, көптеген мамандық иесі өмірге тез бейімделеді, оңай жұмыс табады, өзін және жақын адамдарын асырай алады.

Атақты педагог Антон Семёнович Макаренко (1888–1939) жас қылмыскер балаларды еңбек ұжымына біріктіру арқылы тәрбиеледі. Макаренко ұжымда өзін-өзі басқаруды дамытты. Жасөспірімді өзара қарым-қатынас жасауға үйретті, оларды басқа адамдармен бірігіп, жұмыс жасауға тәрбиеледі. Кейіннен Макаренконың тәрбиеленушілері әскери адам, мұғалім, дәрігер болған.

«Казахстанская правда» газетінде (03.02.2001 ж.) А. Петровский Талғар ауданы, Көлсай ауылындағы жасөспірімдердің тәрбиесі туралы әңгімеледі. Оқушылар ерте көктемнен соңғы күзге дейін бау-бақшаларда жұмыс жасайды, олар үй жануарларына қараумен айналысады. Тапқан ақшаларына оқушылар киім

және басқа да заттар сатып алады. Балалардың жұмысын қауым басшылары ұйымдастырады. Талғар ауданында еңбек тәрбиесі балалар қылмысын азайтты.

Әлеуметтік жұмыс пен педагогика әлеуметтік педагогикада тығыз байланыста. Ғалымдар әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік педагогиканың байланысын арнайы зерттейді. Біреулер, әлеуметтік жұмысқа әлеуметтік педагогика кіреді деп есептесе, басқалар керісінше есептейді. Ал дәлірек айтсақ, олар – жалпы және тура келмейтін жақтары бар тұйық шеңберлер тәріздес бөліктер. Бір жағынан, көлемі жағынан әлеуметтік жұмыс кең мағынаны білдіреді, әлеуметтік жұмысқа тек тәрбиелеу (педагогика) ғана емес, сонымен бірге, басқару, экономикалық, психологиялық, медициналық, заңдық әрекеттер кірсе, ал екінші жағынан, әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде бірінші орында педагогикалық іс-әрекет болады. Әлеуметтік қызметкер, ең бірінші, педагог болуы тиіс.

Әлеуметтік қызметкердің өзінің мамандығына қоса, әлеуметтік педагог болуын көрсететін екі мысал қарастырайық… Шешесі баласына шағым жасайды: «Мен қазір таңдау алдында тұрмын, не істеу керектігін білмеймін. Кейде өз баламды тек ұрып қана емес, өлтіргім келеді. Ол 15 жаста, ұрлықшы және бір жаман топтың бұзақысы». Баласы шешесінің алған жалақысы мен бағалы заттарының барлығын ұрлап алып кетіпті, ал шешесінде одан басқа 2, 4 және 7 жастағы үш бала бар, осылар шешесін өзін-өзі өлтіруден алып қалуда [Қар.: С.В. Тетерский. Введение в социальную работу… М., 2003. – 219–220-бб.].

Екінші жағдайда әлеуметтік қызметкердің бір отбасына араласуына тура келеді. Шешесі мынадай хат жазады. Ішкіш күйеуімен ажырасқан, қолында баласы бар. Кейін өзін де, оның баласын да жақсы көретін адамды кездестіреді. Ол тұрмысқа шығады, бақытты өмір сүре бастайды, бірақ ол бақыты екінші баласы өмірге келгенде бұзылады. Күйеуі өзгереді, бірінші балаға қарым-қатынасын өзгертеді, оны үйден қуалайды, ал баланың жасы 8-де. Ол тек өз баласын жақсы көреді.. [Қар.: С.В. Тетерский. Введение в социальную работу… М., 2003. – 412–413-беттер].

2) Әлеуметтік жұмыс және психология. «Психология» де-

ген сөз грек тілінен аударғанда «жан туралы ғылым» дегенді білдіреді. Ол сөз бірінші рет неміс философы Христиан Вольфтың айтуымен (1679–1754) пайда болды. Жалпы қабылданған психика түсініктемесі: «Объективті әлемнің субъективті бейнесі». Қоршаған өмірдегі жоғары дамыған тіршілік иелерінің бейімделу қаруы осы психика болып табылады.

Психика жоғары қабілеті дамыған жануарларда сезу қабілеті түрінде пайда болады. Жануарларда психиканың барын, олардың белгілі сигналдарға жауап беру реакциясынан, шартты рефлекс жасауынан білуге болады. Мысалы, жабайы жануарлар дыбысты, жыртқыш аңдардың иісін сезіп, өздерінің өмірлеріне қауіпті болатынын біліп, қашып кетеді. Яғни, бұл оларда психиканың барын дәлелдейді. Адамның санасы – психиканың жоғарғы дамыған сатысы. Ол түсіну қабілетіне негізделген. Жануарларда түсінік те, сана да жоқ. Адам психологиясы – әрбір жеке дара адамның ішкі жан дүниесінің қайталанбас психологиялық бөлігі.

Адам психологиясы: «жалпы», «әлеуметтік», «педагогикалық», «мектепке дейінгі», «медициналық», «заңдық», «еңбек психологиясы» т.б. болып бөлінеді. Жалпы психология – тұлғаның қалыпты психикалық процесі мен қасиеттерін, ересек адамның психикалық іс-әрекетінің қалыптасуының жалпы заңдылықтарын зерттейді. Педагогикалық психология жеке тұлғаның оқу мен тәрбиелеу бойынша дамуының заңдылықтарын зерттейді. Медициналық психология ауруға қатысты, ауру адамның сырқаты мен денсаулығына психологиялық факторлардың әсерін, медициналық қызметкерлерінің тұлғалық қасиетін зерттейді. Әлеуметтік қызметкер үшін жалпы және медициналық психологиямен қатар әлеуметтік психология да ерекше қажет.

Әлеуметтік психология екі ғылымның: әлеуметтану мен психологияның ортасында туды. Әлеуметтік психология әлеуметтік топтардың мінез-құлқы мен топтық адам психологиясын зерттейді. Әлеуметтік психология 1908 жылы пайда болды. Оның төмендегідей бөлімдері бар: тұлға психологиясы; тұлғалық өзара қарым-қатынас; үлкен және шағын топтағы психологиялық өзгешеліктер; біріккен іс-әрекет кезіндегі адамдардың қарым-қатынастары; әлеуметтік психологияның тәжірибелік қолданылуы.

Әлеуметтік жұмыс әлеуметтік психологияның тәжірибелік іс-әрекеттерімен бірге. Екі жағдайды қарастырайық, әлеуметтік қызметкер бұл жерде психологиялық көмек көрсетуі тиіс [Қар.: С.В. Тетерский… 20 және 66-беттер].

Әке-шешесі ажырасқанда, орталарындағы бала жалғызсырайды. «Мен өз шешемді жек көріп кеттім, өйткені ол әкеме мені көруге рұқсат етпейді. Мен шешемді тастап, әкеме кеткім келді, бірақ кейінірек әкемнің мені керек етпейтінін түсіндім, ол шешеме ерегесіп жүрген екен. Меніңше, олар бір-біріне ашуланғандықтан, ештеңені түсінбейтін халге жетті», деп баласы әңгімесін айтты.

Екінші жағдайда 14 жасар қызы бар ана өзін қиын сезінуде, өйткені қызы әйгілі әншіге ғашық болып қалады, ол – Дмитрий Маликов екен. Қыз әншіні күніге қарауылдап, оған күнде хат жазады, ұйықтағанда оның атын айтып жататын халге жетеді. «Мен оны ұмытсын деп, шетелге де алып кеттім, бірақ ешбір нәтиже шықпады. Мүмкін менің қызымның есі дұрыс емес шығар?» – деп шағымданады ана.

Әлеуметтік қызметкер медициналық психологияны білуге тиіс. Мысалы, кейбір мүгедектер өздерін өмірге өкпелі екенін, өздерінің ауруына басқа адамдарды кінәлаумен болады, аяғы ауыр әйелдің психикасы да бала күтуде өзгереді, жас өскен сайын әйел мен ер адамның психикасы өзгереді, климакс кезінде және т.б. жағдайларда.

Психология әлеуметтік жұмысқа өзінің әдістерін береді: тест әдісі, бақылау, сауалнама, анкета жүргізу, психологиялық эксперимент, жобалау техникасы (Роршах тесті, ТАТ т.б.). Әлеуметтік жұмыс жүргізу кезінде психодиагностика, психологиялық консультация, коррекция (түзету), әлеуметтік-психологиялық тренинг, аутотренинг пен психотерапия әдістері кең қолданылады. Психодиагностика клиенттердің психикалық жағдайын қандай деңгейде екенін анықтауға мүмкіндік береді. Кішкентай баланың даму деңгейін және қабілетін анықтауға, үлкен адамның есінде сақтау қабілеті мен назарын бақылауға мүмкіндік береді.

Адамға психологиялық қолдау көрсету әлеуметтік қызметкердің үлкен міндеті, ол үшін онда қажетті психологиялық дайындық болуы тиіс. Әлеуметтік қызметкерлер кезінде өз клиентін түсінуге

және оған өзі көмек бере алады ма, немесе оған психиатор, не психолог керек екенін байқау тиіс. Кез келген жағдайда әлеуметтік қызметкер адамға алғашқы әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуі тиіс.

3) Әлеуметтік жұмыс және конфликтология. Конфликтология XX ғасырдың 70-жылдарында әлеуметтану, әлеуметтік психология, әлеуметтік жұмыс, менеджмент, педагогика, саясаттану және т.б. пәндердің тоғысында пайда болды. Қақтығыстардың әлеуметтік табиғаты, себебі, түрі мен динамикасы және оларды алдын алу мен реттеудің жолы конфликтологияның пәні болып саналады. Конфликтологияның негізгі тезисі: «Үлкен жанжалдан, кішкентай татулық артық».

Конфликтология әлеуметтік қақтығыстардың барлық тәсілдердің, түрлерін зерттейді. Әлеуметтік жұмыс адам аралық, топ аралық қақтығыстармен ғана жүргізіледі. Конфликтологияның ғылым ретінде және тәжірибе жүзінде екі мәні бар: қақтығыстарды алдын ала байқау, олардың табиғаты мен мүмкіншілігін тану және пайда болған қақтығыстарды реттеу жолдарын табу. Әлеуметтік қызметтегі басты мақсат – қақтығыстарды шешу, яғни әлеуметтік қызметкерді қақтығыстар айқындалғанда ғана шақырады.

Қақтығыстар туралы ежелгі мифтер мен аңыздарда айтылған, олар діни жазбаларда да көп кездеседі. Мысалы, ежелгі грек аңызы бойынша Троялық соғыс үш құдайдың: Зевстің әйелі – Гера, даналық және әділ соғыстар құдайы Афина, сұлулық пен махаббат құдайы Афродита арасындағы қақтығыс нәтижесінде пайда болған. Олардың әрқайсысы «ең әдеміге» деген жазуы бар алтын алманы алуға таласқан. Олар Трояның патшасының баласы – Париске барады, ол болса алманы Афродитаға береді. Ал, Афродита болса, Париске сол кездегі бір грек патшасының әйелін – сұлу Еленаны көндіріп, оны алып кетуге көмектеседі. Одан соң гректің барлық патшалары бірігіп, Еленаны қайтару үшін, Троя ға соғыспен аттанады.

Библияда екі ағайынды жігіт – Қабыл мен Абыл – туралы айтылады. Қабыл Абылды құдай жақсы көргені үшін, көре алмай, қызғаныштан өлтіреді. Бұл жер бетіндегі ең бірінші кісі өлтіру болды. Адамдар Каинді сол үшін қарғайды. Каин жаман үлгі көрсетпесе, жер бетінде кісі өлтіру болмас еді дейді.

Қақтығыстар тек кәсіби шеңберде ғана өрбіп, жеке бастың шеңберіне өтпеу керек. Мысалы, егер біреу жұмысты жаман жасаса, оны жаман адам деп айтуға болмайды. Егер адамдар болмашы зат үшін адамға қатты сөздер айтса, туысқандарының барлығы нашар адамдар десе, онда қақтығыс ешқашан бітпейді. Қақтығыс үш сатыдан өтеді: өсу, іске асу және сөну. Қақтығысты даму кезінде байқап, адамның көңіліне тигізбей, осылай тез өшіруге болады. Бұның барлығы топтағы беделді адамдарға байланысты.

Егер адамдар арасында қақтығыс туса, оны екі түрлі жолмен шешуге болады. Біріншісі – қоршаған объективтік ортаны өзгерту болса, екіншісі – адам өзінің мінез-құлқын өзгерту болып табылады.

Қоршаған объективтік ортаны өзгерту – маманның жұмыстан шығып кетуі, әйелдің немесе еркектің отбасынан ажырасып кетуі, ата-анасымен қақтығысқа ұшыраған баланың үйінен кетіп қалуы. Өзінің мінез-құлқын өзгертуі – ол бастықпен тіл табысу, күйеуімен сыпайы тілде сөйлесу, ата-анаға көмектесу және т.б.

Бір жағдайды қарастырайық, мысалы өгей әке әйелінің баласына күн көрсетпей, үйден қуады. Ол әйел үшін жағдайын өзгертудің жолы – екінші күйеуінен ажырасып кетуі. Негізінде психологиялық өзгеріс, оның күйеуіне қажет. Ол әйеліне және оның баласына көзқарасын өзгертуі керек, егер олар ажырасатын болса, әйел өз баласын, одан туған баласын да алып кетеді.

Әлеуметтік қызметкер қақтығыстарды ең басында тоқтату керек. Ол үшін қызметкер этикалық принциптерге сүйеніп, адамдармен тіл табысуы керек. Егер адам дінге сенсе, онда сол діннің өсиеттерін пайдалануы керек және т.б. Қақтығыстарды шешуге, сол конфликтің нәтижесі адамға қандай болатынын көрсетуі тиіс. Мысалы, алдыңғы мысалда өгей әкеге ажырасу нәтижесі, оған өзінің сүйікті баласынан айырылуы мүмкіндігін түсіндіру керек.

Кейбір жағдайларда қақтығыстарды шешу қиынға түседі. С.В. Тетерскийдің кітабында бір отбасында пайда болған қақтығыс жағдайда мысал келтіріліп, сол мысалға әлеуметтік жоспар құру тапсырмасы беріледі.

«Бірнеше жыл бұрын мен күйеуіммен бірге балалар үйінен бір қызды асырап алдым. Көп ұзамай күйеуім қайтыс болды, қызымды

өзім жалғыз тәрбиеледім. Бәрі жақсы болған. Өткен жылы Света көршімізден, біздің туған қызымыз емес, асырап алған қызымыз екенін біліп қойды. Сол сәттен бастап барлығы өзгеріп кетті. Қызым үйден кетіп қалатын болды, мені тыңдауды қойды, бір күні уланып, реанимацияда өте ауыр жағдайда жатты. Қазір қызымның жасы 14-те, ол 7 сыныпта оқиды. Оқуы нашар, сабақтан жиі қалады, дискотекаларға барады, темекі шегеді. Біздің туысқандарды менсінбейді. Үйге өте кеш оралады. Мен ұйықтамай, ол үшін аландап отырамын. Не істеуім керек?» – деп жазады анасы.

4) Әлеуметтік жұмыс және дін. Дін қоғамда бірнеше рөл атқарады. Ол философия сияқты көпжақты. Дін өмірді түсіндіріп, адамға өмір сүруді үйретіп, оның жүріс-тұрысын өзгертіп, қиын уақытта көмектеседі.

Әлеуметтік қызмет әртүрлі дін шеңберінде құдайға жағымды жұмыс ретінде жүргізілген. Батыстағы әлеуметтік қызмет дінмен тығыз байланысты. Діннің бастапқыда адамға қиын уақытта көмек көрсету жолы күшті еді, әлеуметтік қызметтің де қоғамдағы орны сондай. Дін адамның қайғы-қасіретін жеңілдетеді, о дүниеде шаттық пен бақыт болатынына үміт береді. Дін адамға көмектеседі, оны жұбатады, сондықтан ол жүйке жүйесі тозған адамдарға өте пайдалы.

Дін әлсіз адамдарға қажет, ондай адамдар, оларды ренжіткендер тозаққа түседі деп сенеді. Дін кедейлер мен мүсәпірлерге қажет, оларды өлімнен кейін мәңгі жұмақта тұрады деп үміттендіреді. Дін қайғы-қасіретте, жақын адамдар қайтыс болған кезде қажет. Дін адамдар қайтыс болғаннан кейін о дүниеде кездеседі деген үміт береді. Дін қылмыскерлерге жасағандарын естеріне түсіріп, өкіну үшін қажет.

Дін мен әлеуметтік көмекті шіркеулерде, мешіттерде, монастырларда жүргізеді. Мұсылман діні кедейлерге табыстың 10 бөлігін беруге шақырады. Шіркеулердің жанында қарттар үйлері мен балалар үйі ашылады. Мысалы, священник Николай Стремской ата-анасы тастап кеткен 53 баланы тәрбиелеп отыр [Қар.: «АиФ», № 42, қазан, 2003]. Қазіргі таңда сотталғандар үшін түрмелердің жанында шіркеулер мен мешіттер салынуда. Шіркеулерді қамаудағылардың өздері салады, кейбір иконаларды ағаштан жасайды. Ішкіштер мен нашақорлардың кейбіреуі құдайға сыйынудан ем табады.

Діннен пайда көретін адамдар да аз емес. Мәскеудің орталығында қайыршылар көп ақша табады. Мысалы, Коля Ветров деген қайыршы кейде күніне 3 мың АҚШ долларына дейін тапқан. Өздерін «қайыршы» деп жүргендердің артында «қарақшылар» тұрады. Олар өздерінің «қайыршыларын» күзетеді. «Қайыршыларды» күзететіндер бір-бірімен есептесу кезінде бір-бірін атуға дейін барған. Сондай жағдайдан 4 адам қаза тапқан [Қар.: «Труд» газеті, 18.06.2003 жыл].

Сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлерге адамды қылмысқа итермелейтін діни секталарымен күресуге тура келеді. Мысалы, сатанистер сектасына тек адам өлтіргеннен кейін ғана қабылдайды. Әртүрлі діни конфессиялар (діни сенімдер) әйелдер мен жас адамдарды алдайды, олардың ақшаларын жиып алады немесе өз дінін тарату үшін пайдаланады.

Мұндай жағдайларда көмекті адамның ата-анасы немесе туысқандары сұрайды, бірақ бұл жағдайда көмектесу қиын. Дінге сенушілер ешкімді тыңдамайды, тек өздерінің құдайлары мен насихаттаушыларын ғана тыңдайды.

5. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

1) Әлеуметтік жұмыстың принциптері. Әлеуметтік жұмыстың принциптері деп – оның бастапқы негізін, әрекетінің ережесін айқындайтын идеяларын айтады. Әлеуметтік жұмыстың кейбір принциптерін қарастырайық. Гумандық принципі адамды аса бағалы деп түсінуді талап етеді. (Латын тілінен алғанда «гумандық» – «адамгершілікті» білдіреді). Гумандық еркіндікке, бақытқа, өзінің қабілеттерінің көрінуі мен дамуына адамның құқығы бар, деп мойындайды; адамдар арасындағы теңдік пен әділеттілік, қатынастардың ережесі деп есептейді. Қоғамдағы болып жатқан процестерге қарағанда, бірінші орынға адамның назарын қояды. Мысалы, егер адамдар жақсы өмір сүре бастаса, онда елдегі реформа дұрыс жүргізіледі деген сөз. Ал егер, керісінше, адамдар нашар өмір сүрсе, онда реформа қате жүргізілді деген сөз.

Адамзатты сүю идеясы халық арасында Еуропада қайта өрлеу дәуірінде (XY–XYI ғасырларда) кең түрде айтыла басталды. Бұдан әрі гуманизм адамның өмір мен бостандық жолында күресу үшін және адамды қанаушылықтың барлық түрін жоюға, еңбек еркіндігіне деген күресіне байланысты болды. Әлеуметтік жұмыста гуманизм адамгершілікті, адамдарға деген адамгершілік көзқарасты, мейірімділікті білдіреді.

Альтруистік қатынас өзімшілдікке (эгоизмге) қарама-қарсы. («Альтруизм» латын сөзінен шыққан, «басқа» деген мағынаны білдіреді). Ол буддизм мен христиан заманында да моральдық принцип ретінде белгілі болды. Терминнің өзін XIX ғасырда О. Конт «басқа адам үшін өмір сүру» деген көзқарас деп білдірген. Альтруизм әлеуметтік жұмыста адамға адал, риясыздық, жанкештілік көмек дегенді білдіреді.

Конфиденциалдық деген қағида (латынның «сенім» деген сөзі) сізге адамның айтқан құпия сырларын, ауруларының тарихын кімге болса, соған айтпай, құпияда сақтауын білдіреді.

Демократизм мен толеранттық қағидалары кез-келген адаммен дұрыс қатынаста болуға, оның жасаған қылықтарына

шыдамдылықпен, түсінушілікпен қарауды білдіреді («толеранттық» латынның сөзі «шыдамдылық» деген мағынаны білдіреді).

Демократиялық әлеуметтік қызметкер өзінің клиентінің ойлау құқығын құрметтейді, оның қандай діннің иесі екенін талқыламайды, құдайға сенетінін немесе сенбейтінін, күйеуінің әйелімен ажырасып кеткенін немесе олардың өзіне ұнамайтынын, жақтырмағанын көрсетпейді. Әлеуметтік қызметкер ондай адамдармен шыдамдылық көрсетіп, жұмыс жүргізеді.

Адам құқығы мен заңды сақтау – әлеуметтік жұмыстың қағидалары, ол мемлекеттің саясатын білдіретін заңдарды қатаң сақтауды талап етеді. Бұл заңдарда адам мен азаматтың құқығы және әлеуметтік көмек пен қорғаудағы адамдардың құқықтары айқындалған. Әлеуметтік қызметкер заңды бұзбауы тиіс.

2) Әлеуметтік жұмыстың технологиясы туралы түсінік. Әлеуметтік жұмыстың технологиясы деп – әлеуметтік қызметкердің өзінің іс-әрекетіндегі қойылған мақсатына жеткізетін әдістері мен амалдардың жиынтығын айтамыз. Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік технологиялары қарапайым (арнайы мамандығы жоқ адамдар да жүргізетін), күрделі (мамандықты қажет ететін) және комплексті (бірнеше мамандықтарды қажет ететін) болып бөлінеді.

Әлеуметтік жұмыстың жалпы технологиясымен бірге (диагноз, экспертиза, болжау, көпшілікпен байланыс) әлеуметтік жұмыстың нақты әдістері мен үлгілерін көрсетуге болады.

Болашақты алдын-ала пайдалану технологиясының негізінде тұрғындардың қамқорлығы туралы мемлекеттің ерекше саясаты жатады. Дегенмен парламенттің депутаттары қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік мәселелерді алдын-ала шешумен айналысқысы келмейді. Осындай мәселелер адамдар өміріне кіріп, оларға көп қиындық пен қайғы әкелгенде ғана депутаттар заңдарды қабылдайды. Мысалы: Қазақстанда балалар туылған кезде берілетін әлеуметтік көмек 2002 жылдан бастап қана беріліп жатыр.

Әлеуметтік технологиялар іске асқан кезде бірнеше түрлерге бөлінеді: диагностика технологиясы, жобалау және жобалау мен бағдарламаларды іске асыру, бейімделу мен әлеуметтік реабилитация (қайта қалпына келтіру) технологиялары.

«Диагностика» термині (грек тілінде «танып-білу, анықтау») медицинада ауруды тану және диагноз қою дегенді білдіреді. Әлеуметтік ауру туралы түсінік әлеуметтік жұмыстың пайда болуымен бірге қалыптасты. Туберкулез, рахит, жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулар көбінесе адамдардың материалдық жағдайының нашарлығымен байланысты. Қайыршылық, ашаршылық, жалғыздық және т.б. әлеуметтік ауруларға жатады.

Диагностика кезінде әлеуметтік экспертиза (сарапта-ма) қойылады. Эксперттік зерттеуде маманның дәлелденген қортындысы қажет болады. Әлеуметтік жұмыста осы эксперт психиатр, заңгер, психолог, көп тәжірибелі әлеуметтік жұмыскер болуы мүмкін. Әлеуметтік экспертизаның төрт функциясы бола-ды: диагностикалық (клиенттің жағдайын анықтау), ақпараттық бақылау (клиент туралы ақпарат анықталады), прогноздық (клиенттің болатын жағдайы анықталынады), жобалылық (шешім қабылдауға ұсыныстар шығару).

Әлеуметтік жұмыс жүргізген кезде бірнеше жаңалықтар (ин-новациялар) енгізіледі. Инновация дегеніміз – өзгеріліп отырған өмір жағдайына сәйкес ұйымдастырылған жаңалықтар, мысалы; сенім телефоны.

3) Әлеуметтік жұмыстың әдістері. Әдістер – бұл мақсатқа тез жетудің қысқа жолы. Әлеуметтік жұмыстағы әдіс – бұл клиентті қорғау мен көмек көрсету туралы алға қойған мақсатқа жету.

Әлеуметтік жұмыста, басқа ғылымдағы тәрізді, жалпы айқындау әдістері: анализ, синтез, салыстыру, талдап қорыту, бақылау, экспе-римент және т.б. қолданылады. Жалпы ғылыми әдістермен бірге, әлеуметтік жұмыспен тығыз байланысты әлеуметтану, психология, педагогика, әлеуметтік педагогика әдістері пайдаланылады.

Осы таным әдістерімен бірге әлеуметтік жұмыста клиентті тәрбиелеу әдістері де қолданылады. Олар әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру-басқару әдістері. Әлеуметтік-экономикалық әдістер клиенттің қызығушылығы мен түрлі мұқтажын қанағаттандыруға байланы-сты, яғни онда азық-түлік, зат, ақша, жеңілдік, ақшалай көмек т.б. тәріздер беріледі.

Психологиялық және педагогикалық әдіс – тура емес, клиентке,

оның мінез-құлқы мен көңіл-күйіне әсер ету арқылы жүргізілетін әдістер түрі. Адамның санасына ақырындап әсер ету, тәрбиелеу, оның өзгеруіне әкеліп соғады. Үлкен маңызды әдістердің түрлері: сендіру, түсіндіру, кеңес беру, жақсы мысалдармен таныстыру, әлеуметтік терапия және оның еңбектік, отбасылық, топтық ойын түрлері. Әлеуметтік терапия адамды емдейді, дамытады, оның көңіл-күйін көтереді, оның қызығушылығын түсіндіреді, бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік емдейді. Әлеуметтік терапияның бірнеше түрлері бар: жеке, топтық, отбасылық т.б. терапия.

Жеке адаммен әлеуметтік терапия оның басынан өткен мәселесін көпшілікке айта алмайтын (мысалы: тонау, зорлау, отбасылық қақтығыс) адаммен жүргізілетін жұмыс.

Топтық, әлеуметтік терапия – бұл әлеуметтік қызметкердің 6–8 адамнан тұратын топқа әсері. Ол әйелдердің, ер адамдардың, ата-аналардың – бәріне ортақ мәселелерді талқылайды.

Отбасылық терапия – отбасымен жұмыс, ондағы мақсат – отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын жақсарту. Әлеуметтік еңбек терапиясы – ортақ пайда үшін топтың жасайтын еңбегі.

Ұйымдастыру әдісі адамдардың мінез-құлқының себебіне байланысты болады, яғни қоғамдық және еңбек тәртібін өз санасымен, ойлау қабілетімен жүзеге асырса, онда ол жауапкершілік пен борышын жүзеге асырады. Ондай шаралар түсіндіру түрінде, ал керек болған жағдайда ұйымдастыру түрінде өткізіледі.

4) Әлеуметтік жұмыстың моделі (үлгісі). Әлеуметтік жұмыстың үлгісі – әлеуметтік жұмыстың формалары мен типтері. Олар 3 топқа бөлінеді: әлеуметтік, психологиялық және комплексті (жинақты). Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік моделі қоғамтанумен тығыз байланысты, көптеген әлеуметтік үлгілер әлеуметтік концепциялардан шықты. Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік модельдің бір түрі «маркстік модель» болып келеді. Әлеуметтік жұмыстың марксистік үлгісі – сәтсіз қоғамның қайта құрылуына міндет қояды, яғни жұмыссыздық, онымен күресу үшін әлеуметтік қызметкерлер көмек сұрап, депутаттарға сұрау салады немесе өздері депутат болуға ұмтылады.

Әлеуметтік модельдің әлеуметтік-радикалды үлгісі адамның құқы үшін күреседі. Әлеуметтік қызметкерлер түрлі нәсілдердің

арасындағы алалауды болдырмау үшін, ұлтшылдық нанымға қарсы, адамдарды ұзақ мерзімге жауып қоюға қарсы күреске шығады. Мұндай үлгі қоғамдағы өзгеріске әсерін тигізбейді, ол клиенттің әлеуметтік қабілетін дамытуға бағытталады.

Әлеуметтік жұмыстың психологиялық үлгісі адамның жеке басындағы мәселелерін шешу үшін, оның қабілеттерінің дамуына бағытталған. Әлеуметтік қызметкер клиентке өз жеке басының мүмкіндіктерін пайдалануға көмектеседі. Мысалы, гуманизм әдісінде әлеуметтік қызметкер адамды, оның мәселесіне ортақтасатынын, оған көмек көрсететінін, сол үшін онымен жақсы қарым-қатынас орнататынын түсіндіреді. Олардың кейбіреуі клиентке қосылып, бірге медитация өткізеді. Әлеуметтік қызметкер өз клиентінің көзқарасын жақсы жақтарға өзгертуге тырысады.

Әлеуметтік жұмыстың комплексті теориясына немесе үлгісіне рөлдік теория немесе рөлдік әдіс жатады. Әлеуметтік қызметкер рөлдік ойын арқасында клиенттің мінез-құлқын өзгертеді. Мысалы, әйел-ана «немқұрайлы әйел» рөлінен айырылғысы келеді. Осы ойын арқасында әлеуметтік қызметкер бұрынғы рөлін «жақсы көруші ана» рөліне өзгертеді. Осылайша әлеуметтік қызметкер өз клиенттеріне көмек көрсетеді.

6. ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

1) Девианттық мінез-құлық әлеуметтануы. Девиация – бұл ережеден ауытқу, қоғамның басым бөлігімен жарамсыз және кешірімсіз деп айыптайтын іс-әрекет. Батыста девианттық тәртіпке адамның өзін-өзі өлтіруі, бүлік, нашақорлық, біреудің соңына түсу, аса ақылдылық және т.б. жатқызады. Бірақ «девиация» сөзінің мағынасы қоғам жағдайына байланысты өзгереді; егер бір мәселені бір елде дұрыс деп санаса, басқасында ол девиация болуы мүмкін.

Бірнеше мысал қарастырайық. Кавказдықтар үшін бірнеше әйел алу дұрыс болса, орыстар үшін бір әйел жеткілікті. Ингушетия президенті Руслан Аушев өзінің республикасында көп әйел алуға рұқсат беретін заң қабылдағанда, оны Мәскеуде түсінбей, Аушевтің заңдарын «заңсыз құбылыс» деп шектетті.

Басқа мысал, бахаизм діні әйел мен еркектің арасындағы теңдікті, білім алуды жаппай қолдайды және топтар арасындағы сенімдерді жоюды қолдайды. Қазақстанда мұндай көзқарас дұрыс деп саналады. Мұсылман елі Иранда сотсыз мыңдаған бахаисттерді аса қауіпті қылмыскерлер сияқты өлім жазасына кесті. Шынымен де бахаистер шариатты бұзған. Ислам дінінде әйелдер мен ерлер арасында теңдік болуы мүмкін емес.

Девианттық мінез-құлықта балалардың және ересектердің тәртібін бөліп шығарады. Батыста жасөспірімдердің қылмыстық әрекетін, «жас өспірімдердің делинквенттілігі» деп атайды; «делинквенттік» ересектердің қылмыстық әрекеттерімен ерекшеленеді. Басында жасөспірімдер бандалары Батыста пайда болған, Батысқа еліктеу негізінде – Ресейде, Ресейге еліктеу – негізінде – Қазақстанда пайда болады. Кейбір бандалық топтарда жасөспірімдердің жетекшілері ересек ер 19–22 жасар жігіттер, 16–18 жасар банда мүшелері «қария», «жауынгер», ал 14 жасарлар – «қабықтар» деп аталады.

Батыста пайда болған құбыластарға еліктеуші Ресейдің жасөспірімдері өздерін фашистер, «скинхедтер» деп (тақыр не-

месе тері бас), азиялықтар мен кавказдықтарға, сонымен қатар қазақтарға да шабуыл жасайды. Батысқа еліктеу негізінде Ресейде футбол фанаттары пайда болды, олар футболдың алдында немесе ойыннан кейін қырып-жою әрекеттерін жасайды. Осылайша Ресей фанаттары ағылшындықтар бұзықтарына еліктейді. 2003 жылдың қазан айының соңында Липецк облысының Елец қаласында жергілікті жас өспірімдер мен ЦСКА Мәскеу футбол клубының фанаттарының арасында үлкен төбелес болды.

Әлеуметтік девианттық әрекеті түсіндіретін әртүрлі теориялар да бар. Олардың ішіне төрт танымал теориялар кіреді.

Аномия теориясы. Француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм аномия түсінігін енгізді («заңды білмеу», «заңсыздық» деген мағынаны білдіретін грек сөзі). Дюркгейм аномия капиталистік қоғам үшін дұрыс жай деп санайды, онда барлығына бірдей мүмкіндік берілген, бірақ барлығы тең емес. Оның айтуы бойынша, байлық пен биліктен айырылған адамдар әлеуметтік нормалар мен заңдарға қарсы шығады. Дюркгейм девиантты мінезқұлық ретіндегі аномияның себебі – жеке адамдарды тең емес қылдыратын қоғам деп есептеген.

Қазіргі батыс әлеуметтанушылары адамдардың жеке басының қасиеттеріне аса үлкен көңіл бөледі. Олар аномияның себебі болатын адамның әртүрлі көңіл күйі: әлсіздік, жауапсыздық, жалғыздық, қуыс кеуде, моральдық бағыттың болмауы және саяси экстремизм деп жариялайды.

Мәдени тасымалдау теориясы. Француз әлеуметтанушысы Габриэль Тард (1843–1904) әлеуметтік еліктеу (имитация) теориясын құрды. Қылмысқа бейімділігі бар адамдар қылмыскерлерге еліктейді. Түрмеге түскеннен кейін жас тәртіп бұзушылар одан әрі бұзылады. Қылмыстық ортада тұратын жастар, қылмыскерліктің үлгісін ұғып алады... 100 жыл бұрын Г. Тардтың жазып кеткені бүгін де актуальді, себебі қазір жастарды қалыптастыратын теледидар.

Конфликт теориясы. Бұл теория К. Маркстің жазған еңбектерінен басталады. Еңбек етуші адам капиталистік эксплуатацияның құрбаны болып табылады, өзі деген әділетсіздікпен күресу үшін, сол қоғаммен қақтығысқа ұшырайды. Моральдың азайюы – адам-

ды маскүнемдікке, нашақорлыққа, жезөкшелікке және тағы басқаға әкелуі мүмкін. Буржуазиялық және басқа қоғамдарды зерттеген ғалымдар, олардың заңдары – сол қоғамның бай және ықпалы көп адамдардың мүдделеріне сай етіліп жасалады дейді. Мысалы, АҚШ-та ешқашан пара берген, алдау мен алаяқтыққа барған корпорациялар жазаланған емес.

Стигматизация теориясы. «Стигма» сөзі грек тілінен аударғанда «таңба» деген мағынаны білдіреді. Стигматизм теориясының жақтаушылары қақтығыс теориясына арқа сүйейді. Адамдар бір-бірімен конфликтілерге, қақтығыстарға ұшырайды. Алайда, олар тең емес жағдайда болады. Билігі мен байлығы бар адамдар өздеріне қарсы шыққандарды «девианттар» деп санап, «тәртіп бұзушылар» деп таңбалайды. Бұл теорияның өкілдері барлығын «салыстырмалы» деп санайды. Олар мынадай мысалдар келтіреді: АҚШ-та қара нәсілдерді бір әрекеттер үшін кінәласа, ақ нәсілдің өкілдеріне сондай әрекет жасағанда тиіспейді. Сол сияқты қоғамда еркектер жасайтын дұрыс емес әрекетті әйел жасайтын болса, онда сол әйелді қаралайды, ал ер адамға кінә тақпайды.

Ресей әлеуметтанушысы Ж.Т. Тощенко ауытқымалы іс-әрекеттің себебі экономикада жатыр деп санайды. «Жабайы капитализм» жағдайында 90-шы жылдардың ортасынан бастап Ресейде бұл себептер көрнекті және айқын бола бастады. Бұған қоса Ресейдің экономикасы криминалдық белгі алды, яғни көлеңкелі экономиканың ресми экономиканы ығыстыруы орын алды деген пікір бар, ал әлеуметтік теңсіздіктің көлемін бұрынғы колониальді Африка елдерімен салыстыруға болады деген ол [Қар.: Тощенко Ж.Т. Социология. М.: 2000 ж., 235-б.].

Егер бұрын Советөкіметі кезінде ауытқудың себебі экономиканың тапшылығынан болса, қазіргі кезде ол экономиканың түрі өзгеріп, бұзылғанынан туып отыр. Қазіргі жағдайда жұмыс таппаушылар, бомждар, қаңғыбастар, нашақорлар мен қылмыскерлерді тудырады. Дұрыс емес саясаттың арқасында девиация өсіп кетті. Адамдар басшылардан шаруасыздықты, ұрлықты, қулықты, сұмдықты, алдаушылықты, заңды бұзушылықты, парақорлықты көріп, билікке немқұрайлықпен қарап, олардың еңбек етіп, шынайы өмір сүруге шақыруларына назар аудармайды.

Әлеуметтік ғылымдарының кандидаты Д.К. Қазымбетова 2002 жылы Қазақстанда 384 мың қылмысқа бейім адамдар тергеуде тұр, олардың жартысы – маскүнемдер, 46 мыңы – нашақорлар, 86 мыңы – отбасындағы жанжалқорлар, 26 мыңы – жасы толмаған тәртіп бұзушылар деп жазады [Қар.: «Вестник КазНГУ», 2002 ж., № 2 (9)]. Ол қылмыстың әртүрлі салаларда өсуінің әсер ететін себептерін көрсетеді.

Отбасы мен күнделікті өмірде қылмыстық жағдайлардың көбеюі:

– отбасының ыдырауы;

– отбасында қылмыстық әрекет жасайтын адамның болуы;

– материалдық қиындықтар.

Жеке қарым-қатынаста қылмыстық жағдайларының көбеюі:

– тұтынушылық психология;

– тәртіпсіздік, ұятсыздық;

– адамның мәдениетінің төмен болуы.

Еңбек ету топтың арасында қылмыстық жағдайларының көбеюі:

– қоғамдық мекемелердің еңбек тәртібін сақтау ұйымдастыруының қателіктері және әлсіздіктері;

– топ ішіндегі қақтығыстар;

– мекеменің әлеуметтік жұмыстарына немқұрайлықпен қарау.

2) Маскүнемдер және нашақорлармен әлеуметтік жұмыс. Маскүнемдікәлемдекеңтараған.Маскүнемдіккедейтұратындардың арасында ең көп тараған. Сондай отбасыларда ақшаның барлығын ішімдікке таратады, сондықтан нашар тұратындарын білдіреді. Бұл мысалда кедейлік – маскүнемдіктің себебі емес, керісінше, маскүнемдік – кедейліктің себебі болып табылады.

1985 жылы М.С. Горбачёв алкогольге қарсы кампания бастады. Бастапқы кезде ол оң өзгерістер әкелген. Жұмысқа себепсіз шықпай қалу – өндірісте 30, құрылыста – 29 қысқартылды. Бірақ халық ішімдікті тастағысы келмейді. Сол кезеңде СССР-да 5 млн. маскүнем болған. Дүкендерде спирттік заттардың сатылуы 44-ға қысқартылғанға байланысты адамдар қолдан самогон жасай бастады. Елімізде қант жоғалып кетті. Халық техникалық спирт іше бастады. 1989 жылы 11 мың адам суррогатты ішкенен кейін уланып,

қайтыс болды. Ал, 2002 жылы Ресейде арақтан уланып 40 мыңнан астам адам қайтыс болған екен [Қар.: «Труд» газеті, 20–26 наурыз 2003 жыл]. КСРО-ның ыдырауына байланысты маскүнемдік көбейді. Арақ арзандады, оны шетелден әкеліп, барлық жерде сата бастады. Арақ пен темекінің жарнамасы кең таралды.

Қазақстанның көрнекті қоғамдық қайраткерлері арақ мафиясына қарсы тұрды. Мәжіліс парламентінің депутаты Серік Абдрахманов былай дейді: «Мемлекет – спирттің Ресейден, ал есірткінің – оңтүстіктен әкелінетіндігімен күресуі керек». Сол мәселеге байланысты Қазақстанның Қарағанды облысының Іскерлік әйелдердің ассоциациясының төрайымы Нұрсұлу Бекетованың айтуынша, барлық базардың мафиясы шенеуліктермен бақыланады, сондықтан бұл жабылмайды. Ал, Алматы облысының Қазақстан Патриоттар партиясының бірінші секретары С. Айтқожин былай деді: «Арақ өндіру және сату – өте пайдалы бизнес, мұнай мен газ секторы және түрлі-түсті металдар нарығынан кейінгі табыста үшінші орын алады» [«Начнем с понедельника», 16–22 тамыз, 2002 жыл].

Әйелдер алкогольді іше бастады. Олар, ереже бойынша, үйде, ешкім көрмесін деп арақты жалғыз ішеді. Емделуге әйел бірден бармайды, өйткені ол ұялады. Ауру әйелдер, маскүнем еркектерге қарағанда көбейді. Мәскеу қаласының 17 наркологиялық емханасының дәрігері Е. Толкачев айтады: «Бұрынғы кезде біздің емханада әйелдерді емдеу бөлімшесі біреу еді, ал бүгінгі кезде төртеу...» [«Труд», 21 тамыз, 2003 жыл]. Көбінесе ішетін жалғыз басты, тағдырлары дұрыс құрылмаған әйелдер екен. Маскүнем болу үшін, сыра ішіп үйрену жеткілікті. Сыраны теледидардан жиі жарнамалайды. 1–1,5 жыл сыраны үздіксіз ішсе, адамның ішімдіксіз өмір сүре алмайтыны анықталды.

Ал, болашақ анаға ішімдік өте зиян. «Той бала», «демалыс күннің балалары» деген медициналық терминдер бар. Той үстінде немесе демалыс күні ішімдік ішу жүрып көтерген баланың ауру болып тууына себеп болады. Ішімдікті екіқабат кезінде ішсе, нәресте маскүнемдікке бейім болып тууы мүмкін. Бала туылған кезде сыртқы түрінен сау болып көрінсе де, оның әртүрлі аурулары кейін анықталуы мүмкін.

Бала дәрігері, академик В.А. Тоболин әңгімелейді: «Мен жас маман болған кезде, мені ауру нәрестеге шақырған. Ол нәресте жұбатқанға көнбей, айқайлап жылай беретін». Қарт акушерканың айтуы бойынша, дәкені араққа малып алып, балаға сорғызады. Нәресте сонда тынышталып ұйықтады. Сөйтіп, Тоболин бірінші рет маскүнемдікке бейім нәрестені көрді.

Маскүнемдіктен, темекі шегуден және нашақорлықтан жеңіл құтылу қиын. Алкогольдің химиялық заты бастың саласына әрекет жасайды. Кейін жүйке жүйесімен байланыс біртіндеп дамиды, биохимиялық реакциясы өзгереді. Адам алкогольге үйренеді (темекіге, есірткіге де солай болады). Алкоголь болмаса адам қиналады, ол ауырып, жаман болады. Мұндай жағдай «абстинен-ция» деп аталады.

Абстиненцияны жеңу үшін, адамға өзінің сана-сезімін көтеру керек, өзін-өзі ұстау керек. Бірақ, маскүнем мен нашақордың көп жағдайда санасы төмен болады, өйткені бұл аурулар адамның сана-сезімін өзгертеді. Дәрігер В.Б. Альтшулер маскүнемдердің санасының белгілерін көрсетеді: 1) маскүнем өзінің ауруын толық мойындамайды; 2) кім «ішпе» деп айтса, соны жау көреді; 3) барлық ынтасы ішімдікке беріліп кеткен; 4) барлық адамдарды – ішімдікті жақсы және жек көретін адамдарға бөледі; 5) жанжал, ұрыс-керіс мінез-құлқы; 6) ішімдікті қалау және жоспарлау [Қар.: Б.В. Альтшулер. Патологическое влечение к алкоголю: вопросы клиники и терапии. М., 1994].

Аяғында маскүнем мүгедек болып қалады, ес-түсін ұмытады, өзінің атын ұмытады, ұстама ауруы пайда болады, маскүнем адамдарға тиісіп, біреуді өлтіруі мүмкін, ал есін жиғанда ешнәрсе білмейді.

Белгілі композитор Раймонд Паульс тілшіге өзінің маскүнем болып, апталап арақ ішетін кездері туралы айтыпты. Кейін емделіп, арақ ішуді қойыпты (қазір шампан да, сыра да ішпейді). «Мен 40 жылдан астам арақ та ішпеймін, шылым да шекпеймін», - деді ол [Қар.: «Труд», 11 қыркүйек, 2003 жыл]. 20-ға ғана жуық маскүнемдер арақ ішуді қойып, емделеді.

Тілші К. Евдокименконың жазуынша, маскүнемдікке біздің Республикада қарамайтын болды, бұл мәселе мүлдем жойылғандай.

Барлықтары нашақорлықпен және СПИД-пен күреседі. Сол мезгілде Қазақстанда ресми түрде 463 мыңнан астам адамдар маскүнемдікке тәуелді болды, ол халықтың 3,1. құрады. Ал егерде БДО (ВОЗ) мәліметі бойынша есептесек, 1 маскүнем өзінің жақын қоршауынан, ең аз дегенде, 10 адамның өмірінің сапасын төмендетеді, сонда – 31 болады. Әр екінші адамның өлтіру қылмыстары – нашақорлық пен маскүнемдік жағдайынан жасалады. Маскүнемдік жасаруда. [Қар.: «Каждый третий» – «Новости недели», 15–21 қазан, 2003 жыл].

Нашақорлықтың себептері маскүнемдіктің себебі сияқты, адамның өзіне байланысты, оның құмарлығында, жеңілтектігінде, әлсіздігінде, өз денсаулығына қылмыстық тұрғысында, сәнге еліктеуге, «менмен» көрінгісі келетіндігінде және психикалық ауруда. Мәскеу психотерапия академиясының президенті М. Буянов нашақорларға қатты қарайды. Оның айтуынша, нашақор білуі керек: ол – жетілмеген қоғам мүшесі... Нашақорлыққа психикасы жетілмеген, инфантилді, бос жүргендер және шексіз әуесқойлар қол созады. Нашақордың бір де бір сөзіне сенуге болмайды, олар көп өтірік айтады [Қар.: «Известия», 14 қараша, 1998 жыл].

Мәлімет бойынша, Қазақстанда есірткі пайдаланатын 50 мың адам ресми түрде тіркелген, ал расымен наркотәуелділердің санын 10 рет жоғарлату керек. Психоактивтік заттарды пайдаланатындардың орташа жастары – 12–14. Қызылордада өз кезінде наша арзан болған. Бір айға керек марихуананың бағасы 800 теңге болыпты.

Қазақстанда көбінесе нашақорлармен жұмыс істейтіндер – ӨТУ (өкіметке тәуелсіз ұйым). Олар Батыстан қаражат алады. Олардың жұмыстарының ең басты әдістері: нашақорлықтың орнына – дінге сыйынуға шақыру. 1996 жылдары құрылған Қайырымдылық үйінде 18 ай тұруға болады, онда консультанттар нашақорлармен әлеуметтік жұмыс жүргізеді. Нашақорлар өздерін «студенттерміз» деп атайды.

Егер нашақорлар наркотәуелдіктен шынайы құтылғылары келсе, оларға дін көмектесуі мүмкін. Бірақ, адам өз-өзіне сенбесе, дінге, құдайға сенуі – әрқашан адамды нашақорлықтан сақтамайды. Егер де дін өзімен-өзі адам еркіне тәуелсіз наркотәуелділіктен құтылуға көмектессе, онда барлығы оңай болар еді.

МГУ оқытушысы Э. Фаустова МГУ-де әлеуметтік зерттеу өткізді (барлығы 333 студентке) және сол туралы «Студенттердің діншілдігі және нашақорлық» деген мақаланы жариялады. Ол мынандай шешімге келді: көбінесе жас адамдардың құдайға сенетіндері – нашақорлыққа қарсы кедергі болмайды [Қар.: «Высшее образование в России». № 1, 2001 ж.].

Девианттық адамдармен әлеуметтік жұмыстың өткізілуі өте жауапты және күрделі іс. Бұл жұмыс бірнеше сатыдан тұрады:

1) Әлеуметтік қызметкер алдын-ала күрделі мәселенің жағдайымен танысып, нашақорлық, жезөкшелік т.б. Қазақстанда дамығаны қанша екенін білуі керек.

2) Девиацияның республикада құрылуы мен шығуының себебі қандай, бұл күрделі мәселенің болашағы қандай?

3) Өкімет ұйымдары қандай шаралар қолданады және көмек көрсетеді? Қазіргі уақытта осы саладағы әлеуметтік жұмыстың болашағы мен жағдайы қандай?

4) Әлеуметтік қызметкердің өз жұмысын жоспарлауы. Ол девианттық адамдармен қарым-қатынас құру керек. Әлеуметтік қызметкер өзіне-өзі ресми, шыдамды, өте сақ болуы керек, нұсқаулар мен қызмет этикетін бұзбау керек.

5) Әлеуметтік жұмыс маскүнемдермен және нашақорлармен екі салаға бөлінеді: біріншіден – клиентке жаман дағдыдан құтылуға көмектесуіміз керек және бұрынғы ауру адамның бейімделуіне көмектесу; екінші бағыт – негізгі әлеуметтік жұмыс.

6) Маскүнемдер мен нашақорлармен жұмыс істегенде профилактика (алдын-ала сақтандыру) үлкен мағына береді. Мұнда отбасымен әлеуметтік жұмыс жүргізу өте маңызды.

Кезінде М.В. Ломоносов атындағы МГУ-дің әлеуметтану факультетінің екінші курс студенттері Е.А. Иванова мен С.А. Фролов Мәскеудің психиатриялық ауруханасында нашақор аурулармен әлеуметтік жұмыс өткізді. Олар жоғары қауіп-қатер мен наркотәуелді бала қалыптасатын отбасының 3 түрін бөліп көрсетеді: 1) соқыр бағыныштылыққа, үстемшілікке негізделген ата-аналар әулеті; 2) толық емес отбасы; 3) қиыншылық көрген отбасы [Қар.: «Вестник Московского университета», серия 18; «Социология и политология», № 1, 2000 ж.].

Ата-аналардың біреуінің шексіз билік иесі (жиі әкесінің) болған жағдай – бірінші орын алады. Мұндай отбасында өскен бала ешкімге қарсы тұра алмайды, оңай нашақор болады. Екінші жағдайда бала әкесінің жоғына қиналады, толық отбасы еместігіне; содан кейін кейбіреулері есірткіден сабырлық табады немесе ызаланып, барлығын керісінше істейді. Үшінші жағдайда да бала қиналады. Отбасында қиыншылықтар көп болады, біреулер ауырады, қайыршылық, жетіспеушілік; отбасында біреуі – маскүнем немесе нашақор; біреуі – түрмеде болуы мүмкін т.б.

3) Қылмыскерліктің проблемалары. Қылмыс – бұл әлеуметтік қауіпті девианттық мінез-құлық. Қылмыстың қауіптілік дәрежесі юристік заңымен анықталады. Қылмыс, мынандай сөздермен сипатталады: «заңға қарсы әрекет», «қатысу», «қиянат етушілік», «ұрлық», «шетке қашып кету» т.б.

Қылмыстың әр түрі болады: қылмыстық іс, шаруашылық қылмыс, пайдакүнемдік, ұйымдастырылған, саяси т.б.

Қылмыстық іске бандитизм, ақша жасау және жасанды ақшаны, бағалы қағаздарды тарату, кісі өлтіру, ұрлық, зорлау, есірткіге байланысты қылмыс жасау, автотранспортты айдап әкету, т.б. жатады.

Шаруашылық қылмыстарға төменгі түрлері жатады: пара алу, жұмыстағы ұрлық, банктегі махинациялар, қаржы пирамидалары, т.б. Пайдакүнемдік қылмысқа баю мақсатымен басқа біреудің мүлігін, ақшасы мен пәтерін қолға түсіру; алдамшы кәсіпорын, туристік фирма тұрғызу, плагиат және т.б. байланысты. Пайдакүнемдік және шаруашылық қылмыстардың ішінде жалдап өлтіру саны өсіп жатыр.

Ұйымдастырылған қылмыс ерекше орын алады. АҚШ-та ұйымдастырылған қылмыстың белгілері анықталған:

– бұл екі немесе одан көп мүшелерден тұратын бандылар;

– банда тобының ішінде анық қалыптасқан қарым-қатынас;

– қылмысты жасау құралдары (ақша, транспорт, қару-жарақ) бар;

– ақша тығу жолдары;

– ресми билікпен байланыс;

– өзіндік ықпал өрісі.

Ұйымдастырылған қылмысқа рэкет те кіреді. Батыста ұйымдастырылған қылмысты «мафия» дейді.

Саяси қылмысқа билікке байланысты халыққа қарсы қиянаттық көрсету, билік үшін шектен тыс күрес, депутаттарды өлтіруді ұйымдастыру, халықаралық қақтығысты ұйымдастыру, сайлау кезіндегі айла және т.б. жатады. Саясаттық қылмысқа ұйымдастырылған қылмыс пен өкімет аппаратының бірігуі, шенеулік пен депутаттарды пара беріп сатып алу (лоббизм деген) қатысады.

1996 ж. бастап қылмыс қатты көбейді; Ресейде нашақорлықпен байланысты қылмыс 15 есе көбейді, ал Қазақстанда 1996 жылдан бастап нашақорлық 19 есе ұлғайды.

Балалардың қылмыстары да өсті. Кезінде 2001 жылдың басында Қазақстан Республикасының ішкі істер министрі Қазақстанда 15 мыңнан астам балалар қаңғыбастар екенін жариялады. Айтылғандар жасы кәмелетке толмағандар адамдарды өлтірген, зорлаған және қарақшылық әрекет жасаған. Айқындалған жасөспірімдердің қылмыстары және болған қылмыстық девианттық оқиғалардың арасында ерекшеліктері көп.

Шымкенттегі тілші И. Казорина «мектеп қақтығыстары» туралы жазады (Қар.: «Новости недели», № 31, 06–12/08–2003 ж.; № 42, 22–28/10–2003 ж.). 2002–2003 оқу жылының басында дендро паркте 60 жасөспірім жиналып, қарым-қатынастарын шешеді, нәтижесінде екі оқушы оқпен жараланады. 2002 жылдың аяғында емханаға пышақталған 9 сыныптың бірнеше оқушылары түсті. Ақпан айында 2003 жылы 11 сыныптың оқушысы өлтірілді. Наурызда екі 7 сыныптың оқушылары 6 сыныптың оқушысын өлтірді. 2003 ж. шілде айында Әл-Фараби атындағы алаңда соққының нәтижесінде 11 сыныптың оқушысы оқпен жараланып, қайтыс болды. 2003 ж. басынан 10 айдың ішінде алты ұйымдасқан төбелестерде Шымкентте екі жасөспірім қайтыс болды және тоғызы жарақатталды. 1110 оқушы есепке алынып тұр.

Қазіргі заманғы Қазақстанда түрмеде әр 35-ші қазақстандық болған. Әр 9-шы отбасында бұрын сотталған отбасы мүшесі бар. Барлығы 62800 тұтқындалушы бар, оның 5 мыңы колонияда қоныстанғандар. Германияда сотталғандардың 10-ы ғана түрмеге

отырады, Қазақстанда 2002 жылы сотталғандардың 42,7-ы түрмеге отырғызылған. Әр жыл сайын Қазақстанда 50 адамға өлім жазасына үкім шығарылған... 2003 жылы 18 желтоқсанда президент Н. Назарбаев қылмыскерлерді өлтіріп жазалауға мораторий енгізді.

Ресейде өлім жазасына сотталғандарды өмірлік қамауға ерекше түрмелерге ауыстырады. 2002 жылы Ресейде 1300 өмірлік қамауға алынған қылмыскер болған. Дәрігерлердің шешімі бойынша, олардың ішінде 60-ы психикалық ауытқуы бар. Тілшілер 150 өмірлік қамауға алынған қылмыскер отырған жерге барып көрген. Әр қылмыскер орта есеппен алғанда үш адам өлтірген. Тұтқындалғанның біреуі былай деді: «Мені өлім жазасынан босатса, кейін түрмеден де босатуы мүмкін…». Қазіргі кезде қылмыс өсіп келеді, ал жаза азайып келеді. Қылмыскерлерде ақша көп болған сайын, олардың ақша беріп шығуына көп мүмкіндік бар.

Қылмыстық мінез-құлықтарды туғызатын себептер мен жағдайлар. Әлеуметтік жұмыс үшін қылмыстық девиацияның қалыптасуының себептерін және жағдайларын зерттеу қажет. Оны туғызған себептер жойылған кезде әлеуметтік зұлымдық жеңіледі. Әлеуметтік қызметкер дәрігер сияқты әлеуметтік ауруды туғызған себептері мен жағдайларды білу керек. Себеп пен жағдай жоқ болса – онда ауру да болмайды. Біз аурудың себебі мен жағдайын танып, біліп көрсетіп, олармен күресуге шақырамыз. «Аштық» ауруларымен «тойыну» ауруы де бір …

Қылмыстық девиацияның пайда болуын түсіндіретін әр түрлі теориялар бар. Француз антропологы Поль Брока мен (1824–1880) италияның криминалисі Чезаре Ломброзоның (1835–1909) ілімдері биологиялық теорияларға жатады. Брока қылмыстық девиацияның себебін адамның бас сүйегі мен мидың құрылыс ерекшеліктерінен көретін. Ломброзо қылмыстық бейімділік тұқым қуалайды, деп жазды. Оның айтуынша, қылмыскерлердің арасында 40-ы сондай болып туылады. Ломброзоның теориясы толық теріске шығарылады, бірақ ол жоғалмайды, қайтадан туылады, өйткені бұл жерде нәсілшілдік мәселесі бар.

Бір психологиялық қылмыстық теориясында Зигмунд Фрейдтің ілімі пайдаланылады. Кейбір авторлар психопатты тұлғалар болады дейді. Олар күш көрсетуді (зорлық істеуді) үйренеді.

Әлеуметтік теорияларында қылмыстық мінез-құлықтың себебін адамның қоршаған ортасына байланысты дейді. Девиацияның салыстырмалылығы туралы айтылады. Бір ұйымда ауытқу болса, басқасында норма болып саналады. Әлеуметтанушы Э. Гидденстің айтуы бойынша, қылмыскердің қылмысы оның қоғамдағы жағдайына сәйкес келеді. Мысалы, кедейлер қалтаға түсіп, ұрлық жасайды, ал байлар салық төлеуден бас тартады.

Американың әлеуметтанушысы Роберт Мертон Э. Дюркгеймнің аномия теориясын дамытады. Тұлғалардың қоғамдық жағдайларына реакциясымен байланысты олардың бес типін ұсынады.

Конформистер («келісім», «көнбістік» деген сөзден шыққан). Олар табысқа жетті ме, жетпеді ме, оған байланысты емес, көпшілік мақұлдаған ғұрыптарды ұстайды. Шатақ шығарушылар құбылысты басқаша ауыстырғылары келді, олар саясатқа наразылық білдіреді. Ретриатистер бақталасқа қарсы. Ритуалистер стандартқа сәйкес, «барлығы сияқты» тұрады. Инноваторлар («жаңа» деген сөзден шыққан) қоғамдағы бар құндылықты ұстайды және жетістікке қалай болса да тырысады, жиі заң бұзу жолымен да кетеді. Әсіресе инноватор ұйымынан қылмыскерлер шығады. Заңды бұзып, бұлар жақсы жағдайға жетеді.

Қылмыстың болуына мүмкіндік жасайтын жағдай айтсақ, әлеуметтанушы Ж.Т. Тощенко адамдардың микроортасына зерттеу өткізіп, оның жеке адамға қалай әсер ететініне қарайды. Оның ойынша, адамдардың тәртібінің қалыптасуына тек қана микроорта көмектеседі. Адам бірнеше ұйымға кіреді (үйде, сабақта, жұмыста, есік алдында т.б.). Бір ұйым адамға референтті, немесе авторитетті болуы мүмкін. Отбасындағы ұрыс-керіс балаларды далаға итереді, олар заңның нормаларына қайшы болатын ұйымның ықпалына түсуі мүмкін.

Қоғамның криминалдылығының күшею себебі «жабайы капитализм» де болады. Жекешелендіру (өкіметтің байлығын жекеменшікке бөліп алу) адамдар арасында көптеген қісі өлтіру мен қылмыс туғызды. Қалай байығаны белгісіз миллионерлер саны көбейе бастады. Олар шетел машиналарымен жүріп, зәулім үйлерде тұратын болды. Осының барлығын жастар, аз ақша табатындар және жұмыс істемейтіңдер көреді.

Қылмысқа КАҚ (көпшілік ақпарат құралдары) – отқа май құяды, әсіресе теледидар көрсететін, керемет жақсы тұратын қылмыскерлер – әдемі кейіпкерлер. Өскемен тұрғыны А. Агарков «Бригада» деген бірнеше телеканалдан көрсететін фильм туралы ызаланып жазады, себебі бандиттердің жақсы өмірлері қызықтырып көрсетіледі.

Қылмыстық психологияның бар екенін теріске шығаруға болмайды. Бұл мынандай ерекшелігімен сипатталады: қатыгездік, зұлымдық, аяусыздық, өтірікшілік, қаттылық, қорқақтық, алдаушылық, ашкөздік және т.б. Қылмыскерлер – адамгершілікке залалы, санасы кем адамдар. Олар қоғамға үлгі бола алмайды, олардың үлгі ету – қоғамның құруына апарады. Орал спецколониясының тәжірибесі – қылмыскерлердің түзілмейтінін көрсетті. Ол колония НКВД ҒЗИ-тің кепілдемесі бойынша құрылған. Мұнда күш көрсету және сексуалды зорлықтан құтқару үшін барлық еркектердің колониясынан «әтештерді» алып келді. Бірақ «әтештер» колониясы тозаққа айналды. Олар бір-бірін өлтіріп, зорлап, құлақтарын кесіп, көзін шұқи бастады. Эксперимент іске аспады, ал «әтештердің» кастасы еркектердің колониясында өшірілмеді.

Әлеуметтік қызметкерге сот органдарының криминалды жағдайында жұмыс істеу туып жатыр. Әділ сот жүйесінде парақорлық болғандықтан, қылмыс жасамаған адам кінәлі болып шығуы да мүмкін. Адвокат Галина Пономарёва былай деп жазады: «Бос қалтамен сотқа кірме, кінәлі болып шығасың» [Қар.: «Новости недели», № 24, 18–24/03–2003 ж.]. Көп ақшаң болса, жазаланбауға болады деген қылмыскерлерде сенушілік пайда болды.

Қазіргі кезде қылмыскерлермен әлеуметтік жұмыс жүргізуде екі үлкен бағыт бар. Бірі — дінді, екіншісі – көркемөнерді пайдалану. Павлодар қаласында төрт түрме бар. Бірінші дін бірлестігі бас бостандығынан айырылған жерде 1994 жылдары пайда болған. Тілші Т. Кириллова былай дейді: «Шіркеуде иконалар мен суреттерді қамаудағы адамдар жасаған. Түрменің біреуінде 40 жастағы христиан дінінің қызметшісі – екі адамды өлтірген Сергей. Аптасына бір рет зонаға Қазақстанда рұқсат алған әртүрлі діндердің уәкілдері келеді.

Мешіттің ішін маман-суретші тұтқындалушы Қабыр әшекелеген; еденде кілемдер. Құдайға сенушілер араб тілін үйренеді және құран оқиды. Жүргізуші болып жұмыс істеген және адамды басып кеткен үшін сотталған Амангелді имам болып істейді. Бұрын тұтқында болғандардың ауылда молда болып жүргендігі туралы мысалдар да бар. Колонияның жұмысшылары үмітін үзбейді, шыннымен құдайға сенгендер түрмеге енді қайтып келмейтіндеріне сенеді» [«Новости недели», № 3 (119), 22–28 қаңтар, 2003 ж.].

Жазушы Анатолий Приставкин «Небо в клетку» деген жаңа бағдарлама шығарған, оны Ресейдің «Культура» теледидар каналынан көрсетеді. Жазушы өз кейіпкерлері туралы сүйіспеншілікпен айтады… Мына маньяк, бірнеше әйелді зорлап өлтірген. Махаббат жайлы өлең жазады. Және қандай керемет!… Мына Володя Некрасов екі таксисті өлтіріпті. Ол да таңқаларлықтай жазады. Тарихшы А. Муралов екі адам өлтірген, түрмедегі «Қылмыс және жаза» спектаклінде ойнайды. Ф.М. Достоевскийдің романы бойынша қойылған пьесада ол қылмыскердің емес, прокурордың рөлін ойнайды.

4) Қаңғыбастар – адам емес пе? Үлкендердің қаңғыбас болуы – біздің елде соңғы кезде ғана көп таралды, сондықтан олар жайлы аз зерттелінген. С.И. Ожеговтың сөздігінде (М., 1988 ж.) қаңғыбас туралы айтылған. Онда былай деп жазылған: «Жұмыс істемейтін, кезбе, үйсіз адам» (51-ші бет). Жас кезінде кейбір атақты адамдар да қаңғырған, мысалы, философ Ж.Ж. Руссо, жазушы М. Горький және т.б. М. Горький жас кезінде біраз жыл Ресейде жер аралап жүрген, содан соң үш томдық «Очерки и рассказы» (1898–1899) және «Мои университеты» (1922) кітабтарында сол материалын пайдаланды.

Бомждар – қаңғыбастар, қоғамның ең терең түбіне түскендер. Сол С.И. Ожеговтың сөзідігінде «түп» туралы анықтама беріледі: «Капиталистік мемлекетте төмен жағдайдағы адамдардың қоғамы» (137 бет). Біз капитализм жағдайында тұрғандықтан, қоғамда түптереңділік жеткілікті. Түптегі адамдар жайлы М. Горький 1902 ж. «На дне» деген пьеса жазды. Түнейтін жерлерде төмен саладағы адамдар тұрады. Барлығынан 28 жастағы ұры Васька Пепельдің жағдайы жақсы, өйткені онда ақша болады.

Ресейде қаңғыбастар көп. Мысалы, 1999 ж. Ресейде ақырғы 5–6 жылдарда жиналып қалған 60 мың анықталмаған өлі денелердің іс-қағаздары есепте тұрды. Олардың арасында қаңғыбастар көп. 70 жағдайда өлгендердің себептерін білу мүмкін емес. Ресейде жыл сайын 3–5 мың адам оларды басқа планеталардың тұрғындары алып кеткендей із-түзсіз жоғалып кетеді.

Мәскеуде әртүрлі санақ бойынша 30–100 мыңға дейін үйсіз адамдар, ал қонатын жерде 1500 адамға ғана орын бар. Мәскеудің қалыпты ауа райы Канаданың ауа райына ұқсайды. Бір қыста Канадада суықтан 10 шақты адам қайтыс болады, ал бір Мәскеу облысында бірнеше 100 адамдай қайтыс болады. Алматыда 2003 жылы желтоқсан айында көшеде 10 адам тоңып өлген. Осының бәрі ТМД-да әлеуметтік көмек қызметінің нашарлығына байланысты.

Алматыда әлеуметтік адаптация қызметі ВАЗ төңірегінде орналасқан, бірақ қаңғыбастар қаланың ортасында болуға тырысады. Қатты суық болғанда, әлеуметтік адаптация орталығында 150 адам түнеп шығады. Үйсіз-жайсыз адамдар бұл жерде 3 ай тұра алады. Қаңғыбастардың 30%-ы – мүгедектер, оларға көмек көрсету керек. Көбі – бұрынғы тұтқындалғандар, бостандыққа жеке куәліксіз, тек анықтамамен шыққандар.

Әлеуметтік адаптация орталығы «Алтай –1» шағын ауданында орналасқан, 2000 жылдан жұмыс істейді. Корпустарда тігін шеберханасын және жеміс-жидек тазалайтын цехтарын ашуды жоспарлаған. Кейбір қаңғыбастар осы ортада жұмыс істейді. Мысалы, Юрий электрик болып істейді, көбі оған қызғанышпен қарайды. Юрий өзі туралы айтады: «Менің бұрын карьерам жақсы еді – офицер болғанмын. Бір мезгілде араққа салынып кеттім. Әйеліммен ажырасып, пәтерді қызым екеуіне қалдырдым, өзім қыдырып кеттім, бірге әскерде болған, тағы басқа жолдастарымның үйлерінде тұрдым. Әйелім пәтерді сатып, Ресейге көшіп кетті. Мен ешкімге керегі жоқ болып қалдым. Қаңғып жүріп, төмен түсе бастадым, аяғында осы жерге келдім».

Қаңғыбастар өмірді қайтадан бастайын десе, құжаттары жоқ болғаны – ең күрделі қиыншылық. Қалалық әкімшілік тағы да төрт адаптация орталықтарын ашу мәселесін қарастырып жатыр.

Кейбір қаңғыбастар – жағдайлары қиын ауру адамдар. Олар ағаштың түбінде жатып түнейтін, орталыққа жетуге күштері болмайтын адамдар. С. Цымбалюк «Столичная жизнь» газетінде [06.11.2003 ж.] қалай сол әйел тұратын үйдің терезесінің түбіне қонып жүргенін, ауру 61 жастағы мүгедекке көмектескені туралы айтады. Сол еркек ауруханадан шықса, пәтер жалдаушылары оның пәтерін сатып жіберген. Цымбалюк қиындықпен ауру адамды Қапшағайдың мүгедектер үйіне орналастырады.

Басқа жағдайда тілші әйел В. Кинотоп фотографпен бірге репортаж жасады, ол ешкімге көмектеспеді [«Столичная жизнь» 23.10.2003 ж.]. «Жедел жәрдем көмек көрсететін» корпустың қасында қатты ауру әйелді тауып алды. Натальяны күйеуі қайтыс болғаннан кейін, күйеуінің балалары үйінен қуып шыққан. Оның ауруханаңың жанында жатқанына үш ай болыпты, оны қонатын жерге ешкім апарғысы келмейді екен.

Осы мәселелерден сұрақ туады: «Неге адамдар қаңғыбас болып кетеді?» Ең басты проблема – маскүнемдік пен нашақорлық. Маскүнем еркектер әдеттегідей ішімдікке жақын болған соң әйелімен ажырасады, пәтер отбасына қалады, ал ол жаймен тереңге батады. Қаңғыбастардың арасында қылмыскерлер тығылып жүреді. Кейде түнейтін жерлерден қылымыскер адамдарды табады.

Газеттің тілшісі Марина Зайченко Ақтөбе қаласының «Иматон» психотерапия орталығының психологтары К. Емельянов және Индира Мукашевамен әңгімелеседі: «Барлық қаңғыбастар арақ ішеді. Кейде оларды арақ ішу үшін өмір сүреді деп ойлайсың. Алкоголь деген оларға не?» К. Емельянов былай ойлайды: «Қаңғыбастардың көбінің өмірлерінде ішімдік ең басты мақсат болып табылады. Басқа жағынан, қаңғыбастар өзінің қиын өмірлерінен құтылу үшін, алдану үшін арақ ішеді, осы мағынада өмірге бейімделе алмайтындарының нәтижесі ішімдік болады» [«Новости недели» 02–08/07–2003 ж.].

Қаңғыбастардың арасында бұрын тұтқындалғандар да аз емес. Павлодар қаласының әлеуметтік бейімделу орталығының директоры Әмина Мейманова айтады: «Приюттің жарты тұрғындары бірнеше рет “алыс емес” жерлерге барып қайтқандар, олардың ішінде соншалары сифилис ауруларымен келеді, 20-ы туберкулез

аурулары» [«Экспресс К», 21.12.2001 ж.]. Әмина Мейманованың санауы бойынша, қаңғыбастардың 70-ы қайтадан дұрыс өмір сүргілері келеді.

Қаңғыбастардың барлық девианттық адамдар сияқты девианттық психологиясы болады. Қаңғыбас кезбелі өмірге оңай үйренеді, өзінің құқығы мен міндеті үшін күреспей, төмен түсіп кетеді. Кейін қаңғыбастар өз жағдайларына үйрене бастайды. Олар қарсыласуды қояды. Психолог К. Емельянов айтады: «Олар қиын жағдайда өздерін ең бақытсыз адамдармыз деп есептеп, ешқандай жақсылық болмайды деп өзін сендіреді. Кейбір адамдардың психологиясы сондай болады».

Ерекше атап өту керек, мемлекетте ешқандай қаңғыбастарды адам қатарына қосу керек деген бағдарлама жоқ. Мемлекет МТҰ-дан (мемлекетің тәуелсіз ұйымынан) үлкен үміт күтеді.

5) Жезөкшелердің әлеуметтік проблемалары. Жезөкшелекті «ежелгі мамандық» деп айтады, өйткені ол баяғыдан бар. Әйелдің өз денесін сатуы «жезөкшелік» деп анықталады. Ежелгі Грецияда гетералар («гетера» грек тілінен аударғанда «құрбы» деген мағынаны білдіреді) тұрған. Гетералар білімді болғанмен, тұрмысқа шықпаған, басы бос, тәуелсіз өмір сүрген әйелдер. Кейін «гетера» деп жезөкшелерді де айтқан. Ал Японияда гейшалар институты болған, олар жақсы биші, әнші және музыканттар болып, әртүрлі мекемелерде еркектердің көңілін аулаған. Гейшалар – махаббат өнеріне үйренген адамдар.

Әйелдер күн көріс үшін, балаларын асырау үшін, өзінің денесін сататыны туралы әдеби шығармаларда әртүрлі жағдайлардың жазылғаны аз емес. Ол туралы Л. Толстой «Воскресение» романында (1898–1899) Екатерина Маслованың қиын тұрмысы жайлы жазды. 16 жасында бір жас жігітке алданып қалады да, күнін көру үшін кездесу үйінде тұрады, сонымен «кәсіпкер жезөкше» болады.

Капитализм жағдайында жезөкшелікке біздің елде тыйым салынбайды. Демократия жезөкшелікті әкелді, ол қазақтардың өмірінде болмаған нәрсе. Қазіргі кезде жезөкшелік Қазақстанда орын алды. Әр қалаларда жезөкшелерді табатын белгілі көшелер бар. «Караван» газетінде «жезөкшелердің шақырулары» басылады,

олар өз клиенттеріне «рахат», «ләззат» береміз деп, уәде береді. Оларға әлеуметтік қызметкерлердің керегі жоқ.

Әлеуметтік жұмыс жезөкшелердің сферасында екі жағдайда мүмкін: 1) егер әйел өтірік алдағаннан немесе зорлағаннан жезөкше болса; 2) егер жезөкше өзінің кәсіпкер жұмысында зорлыққа, ұрылып, қорланса, оның өміріне маньяк немесе сутенёр қорқытып зорлық көрсетсе.

2003 жылдың шілде айында Астанада құқық қорғау мүшелерінің кеңейтілген мәжілісі өткізілді, трафикпен күресу туралы сұрақ қойылды. Әйелдерді алдау жолымен шетелге апарып, құл және сексуалды құл қылып жатыр. АҚШ-тың қысымының арқасында Қазақстан өкіметі трафикке көп көңіл аударуы керек болды. АҚШ Қазақстаның трафикке қарама-қарсылығының жеткіліксіздігі санкцияларымен қорқытады. Трафик пайдалық жағынан қару-жарақ пен есірткі сатудан кейін үшінші орын алады.

Жезөкшелерді венерологиялық аурулардан сақтау, зорлық және өмірлеріне қиянат жасалмау үшін, жезөкшелікті легализациялау туралы айтылады. Ресми түрде кездесу үйлерін ашу керектігін, ал әйелдер тұратын орында клиенттерін қабылдауы заңмен қорғалынатыны және дәрігерлердің бақылауымен өткізіленетіні дұрыс дейді. Сутенёрлардың өз бизнестерін жезөкшелердің арқасында жасауы бұл сфераға кірмеуіне ашық түрде көмектеседі. Ресейде 1917 жылдарындағы төңкеріске дейін жезөкшелермен кездесетін үйлер болды.

Жезөкшеліктің ашық болуы үшін венеролог-дәрігерлер шығып сөйлейді. Құқық қорғау органдары да қарсы емес. Олар көшеде «жұмыс істейтін» әйелдерді бандиттерден қорғайтындарын айтады. Осы жақында ғана Копай мен Борманның бандылары көшеден 50-ге жуық тәртіптері жеңіл жас әйелдерді өлтірген.

Жезөкшеліктің ашық түріне көшуіне дін өкілдері қарсы шығады, олар тыйым салыну керектігін айтады. Күйеуі бар әйелдер де қарсы болады, өйткені олардың күйеулері кездесу үйіне барады деп қорқады... Алматы қаласының көшелерінде 50 адамға әлеуметтік сұрастыру жүргізілді. Олардың ішінде – 28 адам жезөкшеліктің ашық түрде болуын және кездесу үйлерінің ашылуын қолдады, ал – 17 қарсы болып шықты (2003 жыл, қазан).

7. ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

1) Отбасы – әлеуметтік жұмыстың объектісі ретінде. Отбасы қоғамдағы негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Ол әрқашанда қоғам назарында болады. Қазіргі уақытта кейбір ғалымдардың айтуынша, отбасы дағдарыстан өтуде. Оның жаңа үлгісі пайда болды. Отбасылық қарым-қатынас өзгеруде. Әсіресе отбасындағы өзгерістердің көпшілігі – экономикалық жағынан дамыған Батыс елдерінде. Ресей мен Қазақстанның нарыққа өтуі некелесу мен бала тууға қатты әсер етті. Ажырасу көбейіп, ол да отбасындағы туып көбеюшілікті азайтты. Отбасы адамды қорғайды, сондықтан оны нығайту керек. Отбасы жасы толмаған балаларға және карт адамдарға қамқорлық етеді, өмірдің қиын жағдайларында көмек көрсетеді, ауырған кезде қолдайды. Отбасы мүшелері бір-біріне көмек етеді. Отбасы сүйіспеншілік сезіммен бірігеді.

Некеге тіркелмей бірге тұру (шын мәніндегі неке) соңғы кезде Батыста, әсіресе, Швеция мен Германияда кең тараған. Баланың тууы әр уақытта заңды түрдегі некеге тұруға дәнекер бола бермейді. 2001ж. ақпан айындағы санақ мәліметі бойынша Ресейде жалпы туылған балалардың санынан некесіз балалар санының өсуі орын алады [Қар.: Е.М. Зуйкова, Р.И. Ерусланова. Феминология. М., 2001. – 141-бет].

1991 ж –16%	1995 ж –21,1%	1997 ж – 25,3%
1994 ж –19,6%	1996 ж –23%	1998 ж – 27,0%

Қазақстанда да Ресейден қалыспайды. 1999 ж. Италияда басылған мониторингтік № 6 баяндама деректері бойынша 1997 ж. күйеуге шықпаған аналардың туу үлесі мынадай.

Әзірбайжан – 7,5% Ресей – 25,3% Қазақстан – 21,0%

Бірақ бүтіндей алғанда ТМД елдерінде бала туу азаюда. Бала туудың төмендеуінің басты себебі – экономикалық сәтсіздік. 1999 жылғы санақ көрсеткіші бойынша, Қазақстанда бала туудың төмендеуі, әсіресе, байырғы тұрғындарда көп орын алады. Тұрғындардың негізгі контингенті екі топтың – қазақтар мен орыстардың туу жағдайын салыстырайық.

Ажырасу тұқым өсушіліктің төмендігіне әкеп соғады, оның нәтижесінде отбасы жарым-жарты болып қалады. Профессор Шелягтің айтуынша, осындай отбасының балалары әлеуметтік қорғауды талап етеді. Біріншіден, ата-аналарының ажырасуы немесе әкелерінің жоқтығы балаларына үлкен соққы болып тиеді. Іштей тынып жүрген, яғни жасырын қайғы-қасіреттен белгілі бір шара, девиантты қылық жасауы мүмкін. Ал екіншіден, кейбір аналар өздерінің балаларын өзгелерден кем болмасын деп, материалдық жағынан да қамтамасыздандырамын деп, көп жұмыс істейді де, баласымен сөйлесуге, оған ақыл айтып, оны тәрбиелеуге уақыты болмайды. Үшіншіден, кейбір жалғыз басты аналар өзінің көрген қиыншылықтарына баласын кінәлап, сол үшін баласына жаман қарап, оны жек көреді [Технология социальной работы: Учебник под общей ред. проф. Е.И. Холостовой.– М., 2001. – 250-бет)].

Бала туудың төмендеуіне ажырасулар мен бедеулік әсерін тигізеді. Әйелдердің бедеулікке ұшырауына бірден-бір себеп бала алдырту (аборт), түсік тастау. Қазақстанда үш екіқабат әйелдің біреуі ғана туады. Белсенді репродуктивті (бала тууға жарамды) жаста (18–48 жас) Қазақстандағы әр әйелге орташа есеппен екі жарым аборт келеді. Ресми көрсеткіш бойынша 1988 ж. Алматыда 40 мың аборт жасалған. Сақтану құралдарын ақысыз тарату нәтижесінде Алматыда 2000 жылы аборт саны 13249-ға дейін кеміген [Қар.: «Новости недели», № 28, 18–24 шілде, 2001]. Аборттың салдарынан келесі бала туу кезінде түсік тастау, түрлі аурулар, жатырдан тыс бала біту немесе бедеулікке ұрынуы мүмкін .

Егер бір әйелдер бала туу үшін емделіп, азап шегіп жүрсе, керісінше кейбіреулер туылған баладан бас тартып, перзентханаға тастап кетіп, қоқыс салатын жәшіктерге, вокзалға қалдырып кетіп жүр. Ондай аналардың ауруханаға келіп, қалдырып кеткен балаларын алуы өте сирек жағдай. 1917 жылдары төңкеріске дейін қазақтар арасында тастанды және жетім балалар болмаған. Панасыз немесе жетім балаларды туған-туысқандары немесе перзент сүюге зар болып жүрген ерлі-зайыптылар жиі асырап, алып жүрді. Бұл жағдай кеңінен таралды.

2) Отбасымен әлеуметтік жұмыс істеу технологиясы. Әр түрлі отбасына әлеуметтік жұмыстың түрлі технологиясы қолданылады.

Отбасымен жұмыс істейтін әлеуметтік жұмыстың мақсаты – отбасын сақтауға және нығайтуға көмектесу, балаларды тәрбиелеуге, адамдарға материалдық көмек пен саналы түрде адамгершілікті үйрету.

Отбасындағы материалдық жағдай, көбінесе мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатына байланысты болады. Қазіргі уақытта мемлекеттің балалары бар отбасына көрсететін көмегінің ең негізгі 4 түрі белгілі: 1) Балаларға ақылай жәрдемдесу. Қазақстанда 2002 жылдан бастап, туылған балаға ақы беріледі. 2) Салық төлеу, дәрігерлік, тұрғын-үй жәрдемақысына жеңілдіктері беріледі. 3) Отбасына тегін дәрі, киім-кешек, балалар азығы беріледі. 4) Отбасына тегін әлеуметтік қызмет ету, яғни, психологиялық, педагогикалық және заң жүзінде көмек көрсету.

Әлеуметтік қызметкер отбасына қызмет көрсетіп, сонымен қатар мемлекеттік саясат та өткізеді. Ол өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайда отбасына нақтылы көмек көрсетеді. Әлеуметтік қызметкерлер белсенді түрде мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысына қосылып, көп балалы отбасына және ауру балаларға көмек көрсетеді. З.Ж. Жаназарова жазғандай, «бір жағынан әлеуметтік жұмыс қиын жағдайда өмір сүріп жатқан адамға және топқа көмек беруге бағытталған болса, ал басқа жағынан алғанда, әлеуметтік жұмыс индивидтер, бөлек топтар, қоғамдық, жеке және мемлекеттік мекемелер арасында сарапшы болып, маңызды рөл атқарады» [Жаназарова З.Ж. Социальная работа с семьей. Алматы, 2003, 6-бет].

Кейде әлеуметтік қызметкерден отбасына мынандай жағдайда шұғыл көмек талап етіледі: отбасында анасы мен баласын қорлағанда және күш көрсетіп, зорлаған жағдайда. Күш көрсетіп, қорлағанға: соққы, тұншықтыру әрекеті, жаралау, күйдіру, улы немесе психотропты заттарды қолдану және әдейі жүйке ауруына шалдықтыру жатады. Балаларға зорлық көрсету, ұру, қорлау сияқты жағдайлар орын алады. Ата-аналар балаларына қатыгездік көрсеткен жағдайда оларды ата-аналық құқығынан айырып, заң жүзінде жазалайды. Балаларды жетімдер үйіне және интернаттарға орналастырады. Жәбірленген және сексуалды зорлық көрген адамдар ұзақ уақытқа дейін өз қалпына келе алмай, депрессияға

ұшырайды, шатасқан түс көреді және өмір бойы өздерін «кемсіту» санасында қалады.

Әлеуметтік қызметкерге қақтығысқа түскен отбасымен жұмыс істеуге тура келеді, мысалы, ерлі-зайыптылар үнемі ұрысқанда және ажырасқан жағдайда. Ажырасуға ерлі-зайыптылардың мінездерінің жараспауы, материалдық қиыншылықтар, бір-бірін алдау, соғу және тағы сол сияқты жағдайлар себепші болады. Мінездерінің сәйкес келмеуі соншалықты, шынында үйді түрмеге айналдырғаннан гөрі, жақсылықпен ажырасқан дұрыс. Әлеуметтік жұмыс қақтығысқан отбасында жеке, дара әңгімелесу, сұхбаттасу, топталған психотерапия немесе ойынды терапия жолымен өткізеді.

3) Әйелдерді әлеуметтік қорғау. Әйелдер әлсіз жан болғандықтан зорлық пен қысымның әр түріне ұшырап отырады. Әйелдерге зорлық көрсетудің ежелгі формаларының бірі – отбасындағы зорлық. Ол: ұрып-соғу, өлтіру, қорлау. Мысалы, КСРО-да 1989 жылы 21,5 мың кісі өлімі болған, соның ішінде 7 мыңы отбасылық – көбінесе ішімдік жағдайында әйелдерді өлтіру орын алыпты.

Көркем әдебиетте ерлі-зайыптылардың бірін-бірі өлтіруі мынадай шығармалар қатарында жазылған: Шекспир «Отелло», Проспер Мериме «Кармен», А.С. Пушкин «Алеко», Л.Н. Толстой «Крейцердің сонатасы» т.б. Көрсетілген туындылардың бәрінде де күйеулері әйелдерін қызғаныштан өлтіреді. Қызғаныштан өлтірушілік, көбінесе күйеулер тарапынан болады. 2001 ж. соңғы мәліметі бойынша, Ресейде жыл сайын отбасындағы ұрыс-керістен 12 мың әйел өліпті [Қар.: Нина Фокина. Битва под абажуром. – «Труд», 11 сәуір, 2001]. Бұл мәліметтерден біз 1989 жылдан 2001 ж. аралығында отбасында әйел өлтірушілік саны көбейгендігін көреміз. Бұған қандай себептер болуы мүмкін?

Журналист Ирина Бурыкина отбасында әйелге зорлық көрсетудің себептерінің бірі – жұмыссыздық болып табылады деп жазады. Ол былай дейді: «Отбасында көбірек зорлыққа ұшырайтындар – жұмыс істемейтін, тәуелді әйелдер. Олар полицияға арыз берсе де, кейін оны өздері балаларын асырай алмайтындығына сылтауратып, қайтарып алады. Кейбір әйелдер балаларын әкесінен айырғысы келмейді» [Қар.: «Начнем с понедельника», 2001 жыл, 17–23 тамыз].

1999 ж. маусымында Алматыда «Зорлық - зомбылықтан әйелдерді қорғау мәселелері» атты халықаралық конференция өткізілді. Ағылшын әйелі Сью Гриффитс өзінің «Әйелдерге қарсы күш көрсету: Ұлыбританиядағы жағдай» атты баяндамасында ерлердің күш көрсетуінің үш негізгі себебін айтты: 1) Әйелдердің күш көрсетуге бейім тұратын өз мінездері; 2) Ерлердің мінез-құлқы, олардың еркелегі, өздеріне сенімсіздігі; 3) Әлеуметтік себептер, мысалы ерлердің жұмыссыздығы.

Баяндамашы сандық көрсеткіштерді келтіреді: «Полиция тіркеген зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің 25%-ын отбасындағы әйелге күш көрсету құрайды. Әрбір үшінші әйел өз өмірінің барысында отбасылық зорлықты бастан кешеді. Өлтірген әйелдердің 50%-ға жуығы өздерінің бұрынғы немесе қазіргі жұбының қолынан өлтірілген. Зерттеулер зорлықшылардың 85%-ы әйелдердің өз таныстары екенін көрсетеді» [Қар.: Международная конференция «Проблемы защиты женщин от насилия», 23–24 маусым, 1999 жыл, Алматы].

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы мен әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссиясының төрайымы, Қ.Р. министрі А.Б. Самақова халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде қоғамның қазіргі таңда әйелдерді отбасылық зорлықтан қорғай алмай отырғандығы туралы айтып кетті. Бұл жағдайды қылмыс деп есептемейтін адамдар аз емес. Аса қатігез кісі өлтірушіліктің жартысына дерлігі отбасылық ұрыс-керістің салдарынан болуда.

Әйелдерді қорлау Қазақстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда т.б. республикаларда кең етек жайған. 1997 жылы Қазақстанда Алматы қаласында, Алматы облысында, Жамбыл облысында әйелдердің жағдайын тексеру үшін сұрыптау түрінде әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Барлығы 159 әйел зерттелінді.. Тексеру барысында төмендегідей жағдайлар белгілі болып отыр: әйелдердің 3%-ы күш көрсету (ұрып-соғу) немесе сексуалдық зорлыққа, әр сегізінші әйел – еркектер тарапынан психологиялық зорлыққа ұшыраған. Әрбір бесінші әйел жолдастарымен кездесуге күйеулерінің рұқсат бермейтіндігін, ал әйелдердің 7%-ын күйеулері жақын туыстарына жібермейтіндігін мәлімдеді.

Тәжікстан мен Өзбекстанда кейбір әйелдер қарсылық көрсету белгісі ретінде өздерін-өздері өртеп жібереді. Тәжікстанда ай сайын ауруханаларға қатты күйікпен 30 әйел жеткізіледі. Жас, жақын арада ғана тұрмысқа шыққан әйелдер арасында өзін-өзі өлтірушілік өсіп келеді. Өзбекстанның оңтүстігінде өзін-өзі өртеп жіберу фактілері көптеп кездеседі. 1989–1991 жылдар аралығында оңтүстік облысында өзін-өзі өртеп жіберген 788 факт тіркелген [Қар.: Социальная защита женшин в переходный период. Региональный мониторинговый доклад № 6, Италия, 1999 жыл. 93–94-бет].

Балаларын асырай алмайтын болғандықтан, әрі баспанасыз қалатын болған соң әйелдер қорлыққа шыдайды. Жұмысқа тұру қиын. Негізінен жұмысқа ерлерді алады, ал әйелдерді таныстықпен, әдемі, жастарын ғана алады. Жас жұмысшы әйелдерді негізгі жұмысымен бірге өздерінің басшыларына сексуальдық қызмет көрсетуге мәжбүр етуі мүмкін. Бас тартқан жағдайда әйелдерді жұмыстан босатады. Ерлер қазіргі кезде жұмыс табудың қиындығын пайдаланады.

Өткізілген зерттеулерде былай делінеді: «Әйелдерді күштеу жұмыс орнында сексуалдық жәбіршілік формасында көрінеді. Экономикалық қиын жағдайда әйелдер жұмысқа тұру үшін немесе жұмысынан айрылып қалмау үшін сексуалдық қызмет көрсетуге барады». Әрі қарай цифрлі мәліметтер келтіріледі. 1994 ж. Ресейде әйелдердің 7%-ы жұмыста сексуалдық қызмет көрсетуден бас тартқаны үшін өздерінің басшыларынан қуғынға ұшырағандарын айтып шығады. Қазақстанда 1997 ж. сұралғандардың 13%-ы өздерін сексуалдық қызмет көрсетуіне қарсы болғаны үшін еркек-басшылардың көз қырына алғанын айтады [Қар.: Сол доклад, – 94-б.].

Тіпті, оқу процесінде студент қыздар оқытушы ер адамдардың сексуалдық емінушілігінен азап шегеді. «Труд» газеті 13 қараша, 2001 жылғы жарияланған мақаласын осы мәселеге арнайды. 19 жасар Марина проректор-қарттың өзін емтиханмен қорқытып жүргізетінін газетке жазады. Ондай оқытушылар студент қыздарды емтихан алуға «басқа жерге» шақырады. Газет қыздарға прокуратура мен деканатқа шағымдануға, сондай-ақ, туысқандары мен ата-аналарын хабар етуге кеңес береді.

Бұрынғы Кеңес Одағы аумағында тұратын әйелдердің жағдайының ауырлығын Батыс елдерінен, Түркиядан және Қытайдан келген алаяқтар пайдаланады. Ресми түрде Батыс елдері біздің республикамызда әйелдер бостандығы үшін күрескер ретінде сөз сөйлейді. 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формасын жою туралы конвенциясына қосылды.

2000 жылдың басында ҚР Президенті жанындағы әйелдер мен отбасы істері жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы, министр А. Самақованың басшылығымен жұмысшы топ конвенцияның орындалуы туралы есеппен Нью-Йоркқа барып келді. Әр түрлі елден 28 адам А. Самақованың сөйлеген сөзін мұқият тыңдап, баяндама 8 сағаттай талқыланды, 150 сұрақ қойылды. Қазақстаннан барған жұмысшы топқа ақыл-кеңес беріліп, ескерту жасалып, жетістіктері қолдау тапты.

Ал бұл кезде АҚШ-та ЦРУ (Орталық барлау басқармасы) «Құрама Штаттардағы халықаралық әйелдерді саудалау. Құлдықтың қазіргі формасы» атты баяндамасы жасалып, ақыры жарияланды. Бұл туралы: «Барлау ведомствосының баяндамасы айтуы бойынша, жыл сайын АҚШ-қа жасырын немесе жалған желеумен Азиядан, Африкадан, Латын Америкасынан, бұрынғы Кеңес Одағынан, Шығыс Европа елдерінен 50 мыңға дейін балалар мен әйелдер әкелінеді, олардың үлесіне құлдық еңбек пен жезөкшелік тиеді», – делінген. АҚШ-тың Әділет министрі Джанет Рино құлдық жойылады деген, бірақ сотқа тек 250 іс қана жетіпті…

Әйелдерді шетелдерде сатушы, официант, хатшы, бала күтуші болып жұмыс істейсіңдер деп алдайды. Бірақ АҚШ-қа барғанда оларды жезөкше және құл болуға күштеп көндіреді. Африка, Азия елдерінен 10 жасқа да толмаған қыздарды алып келеді. АҚШ-та 26 қаладан 250 көпшілікке арналған (жезөкшелік) үй табылды. Бұл үйлерде шетелдерден келген «тауарлар» пайдаланылады. Құлдарды сатудан «бизнесмендер» көп ақша тауып, пайда көреді. Сол себепті бұл іс гүлденіп, етек жаюда, – деп мәлімдейді [Қар.: Мэлор Стуруа. Работорговцы XXI века. – «Известия», 4 сәуір 2000 жыл].

«Адамдарды сату» деген ұғымды білдіретін «трафик» деген

жаңа сөз пайда болды. Алматыда әйелдер мен балаларға арналған Дағдарыс орталығы құрылды. Оның директоры Гүлдан Тілегенова әйелдерді шетелге сатудан қорғауға тырысуда. 500 алматылық әйелдермен әлеуметтік сауалдама жүргізілді. 91,1% сұраққа жауап берген әйелдер шетелдерге қандай жұмысқа болса да баруға өз келісімдерін беретінін мәлімдеді. Кейде қыздарды үйленуге уәде беріп алдайды да, шет елге барғаннан кейін күйеулері оларды жезөкшелер үйіне сатып жібереді. Газетте 17 жасар Жұлдыздың Түркияға жұмыс істеуге барып, жоғалып кеткендігі туралы жазады. Ата-аналары оны екі жылдан бері Интерпол арқылы іздестіруде.

2003 жылы 13 қарашада Алматыда «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою саласындағы Қазақстан Республика сотының іс-тәжірибиесі» деген болып өтті. Осында айтылғандай, әйелдерге күш жұмсаудың ең көп тараған түрі – бұл тұрмыстық зорлық болып табылады. Оның түрлері: күш жұмсау, психикалық және сексуалды.

Заңның «Тұрмыстық зорлықты тоқтату және алдын-ала ескерту туралы» жобасы жасалған. Зорланған кезде, азапқа ұшыраған әйелдің арыз беру, бермеуіне қарамастан соттық іс жүргізіледі. 2003 жылы шілдеде «Қазақстан Республикасының Қылмыс кодексіне қосымшалар енгізу» заңы қабылданды. Адамдарды Қазақстан шекарасынан заңсыз шетке алып шыққандар ол үшін 3 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге сотталады және оның мүлігін алып, тәркілейді.

Қандай да қатал заң болмасын, әйел алдында тұрған қиындықты жою жолының себебімен емес, олардың салдары ретінде шұғылданады. Әйел адамдарға ерекше қамқорлық керек: жұмысқа орналасуына жәрдемдесу, үй-жай алуына көмектесу, бала тәрбиелеуге көмек беру және өзгелердің қорлауына жол бермеу. Отбасында еріктілік принципке негізделген әлеуметтік қызметкерлердің санын міндетті түрде көбейту керек. Қашан әйел өзінің болашағы мен баласының келешегіне қауіп төнбейтіндігіне сенімді болғанда ғана, Қазақстан халқының саны өседі. Осы жерде тұрақты тұратын, ешқайда кетпейтін, ешқайдан келмейтін халықты құрметтеу керек.

Бірақ, кейде әйелдер өздерін қорғап, еркектерін де «қорғайды».

«Дорофееваның әдісі» басылымында Бурятия ауылында Г.Ф. Дорофееваны 10 жыл бұрын әкімшілік басшысы етіп сайлағаны туралы айтылады. Ол үшін басты жұмыс – еркектердің маскүнемдік жолға түсуіне қарсы күрес; ол 126 еркекті құтқара алды. Өзін-өзі өлтірушілер саны азайды: 1994–1999 жылдар аралығында 28 сондай оқиға орын алды, ал 1999–2002 ж. аралығында – 1 ғана оқиға…. 2003 ж. Бурятияда оның ауылы «Ауылды жабдықтау жағынан ең үздігі» деген Республикалық байқауда жеңіп шықты [Қар.: «Труд», 7 наурыз, 2003].

4) Балаларды әлеуметтік қорғау. Балаларды қорғау жүйесі отбасын, ананы және баланы қорғаудан басталады. Балаларды әлеуметтік қорғау – мемлекеттің міндетті түрде қаржы бөлуін және балаларды қорғаудың материалдық базасын құруын талап етеді. Қазақстанда қаржы жеткілікті бөлінбейді. Депутаттар бұл мәселені шеше алмай, бұған сәйкес заңдарды жеткілікті қабылдамайды.

Балалардың тамақтануы төмендеп кетті. Отбасы нашар тамақтанса, кішкене бала да нашар тамақтанады. Кейбір ата-аналар жұмыссыздықтың салдарынан жұмыс таба алмайды. Анасы баласын қалдыратын жер таппайды. Бала бақшалардың ең күшті жүйелерінің өзі барлық жерлерде ойсыраған. Бала бақшалардың ғимараттарын жеке адамдар өздеріне жекешелендірген. Ол жерде қазір дүкендер, фирмалар, офистер ашылған. Бұрын балалар мектепке 1 сыныпқа бала бақшадан келетін және оларға әрі қарай оқу оңай болатын.

Мектепте оқу басталғанда балалар да қинала бастайды. Оқушы бала маскүнемдердің ауру балалары, мінез-құлқы нашар оқушы балалар ұжымына түседі. Батыста балалар арасында бұзақылық өседі, ол үлгі болып, біздің мектептегі балаларымызға жаман әсер береді. АҚШ-та мектептерді полиция қызметкерлері күзетеді. Оқушылар мектепке ататын қаруларын өздерімен бірге әкеліп, сыныптастарын атқан жағдайлар болған. Қазақстанда да сондай жағдай мектепте бала өлтіру оқиғасы болған.

Алдында мектеп соғысы туралы айтылған еді. Кей кездері жоғарғы сынып оқушылары тонау сияқты және басқа да қылмыстар жасайтын оқиғалар болады. 2003 жылы 11 ай ішінде Қостанай облысында кәмелеттік жасқа толмаған балалар 733 қылмысты іс жа-

сап, оның 9-ы адам өлтіру, 84-і қарақшылық фактілері, 5-еуі зорлау, ал 6-ы тонау болған.

2003 жылдың 11 қарашасында Қостанай облысының Арқалық қаласында бес 11 сынып оқушысы мен бір колледж студенті «Әсем» фотосалонына түскен. Олар маска киіп, фотосалонның күзетші мен тазалаушысын соққыға жыққан. Олар сол жерден өздерімен бірге 70 фотоаппарат алып кеткен. 18 қарашада қарақшылардың 6-ы да ұсталды, ал күзетші болса өліп калған.

Жазушы және құқық қорғаушы Анатолий Приставкиннің айтуы бойынша, кейбіреулер ұрлықты аш болғандықтан жасаса, ал кейбіреулер жаман киноларды көп көргендіктен қылмыстық іс жасайды. Ресейде Вятка қаласында біреулер рельсті бұзып әкеткендіктен, келе жатқан поезд составы төңкерілуге сәл қалған. Жүргізуші дәл уақытында көріп қалып, поезды тоқтатқан. Рельсті бұзып әкеткен 7 сынып оқушылары болып шықты. Олар өздерінің әрекеттерін былай деп түсіндірді: «Егер жолаушылар қаза тапса, біз олардың алтын бұйымдарын, ақшаларын және алтын тістерін қағып аламыз. Ал, тірі қалғандарын балғамен ұрып-соғатын болар едік» [«Труд» газеті, 27.11.2003 жыл].

Теледидарда, кино және видеофильмдерде, газеттер мен журналдарда балаларға әсер ететін материалдар аз емес. Көптеген атыс-шабыс кинолардың басты кейіпкерлері жолды оңды-солды өлікке толтырып тастайды. Американдықтардың есептеуінше, мысалы, «Вязов көшесіндегі үрей» фильмінде басты кейіпкер – Фредди Крюгер, бес сериясында 7578 адамды сойып тастайды. «Комсомольская правда» газетінің журналистері 2002 жылы 17 қазанында Ресей телеарналарында көрсетілетіндердің есебін өткізді. Бұл күні 202 адам өлтіру, 160 төбелес, 66 маскүнемдік, 302 ақпараттық бағдарламалардан «қара» жаңалықтар көруге болар еді [Қар.: 2002 ж., 25 қазан].

Өз балаларына қарамайтын, тіпті тәрбиелемейтін ата-аналар аз емес. Балалар өз үйлерінен қашып, қараусыз қалады. Қаңғыбас балалар сексуалды зорлықтарға ұшырап жатады, оларды өлтіріп те тастайды. Мәскеу сияқты үлкен қалаларда ішкі дене мүшелері кесілген балалардың өліктері табылып жатады.

Алматыда жыл сайын 2 мыңнан астам қаңғыбас балалар

ұсталады. Кішкентай қайыр сұраушылар өте көп. Олардың көбінің ата-аналары девианттар (ішкілікке салынғандар, нашақорлар). Алматыда қаңғыбас балаларды қабылдап, бөлетін жер бар. Қызметкерлерінің барлығына дерлік жоғары педагогикалық білімдері бар. Олардың ішінде 70 пайызы – әйелдер.

Алматыдағы балалардың қылмыс жасау жағдайы туралы Алматы қаласы МІІБ (мемлекеттік ішкі істер басқармасы) кәмелетке толмағандар істері бойынша бөлімінің бастығы Айгүл Шөпшекбаева әңгімелейді [«АиФ», № 51, 2003 ж., желтоқсан]. Кәмелетке толмаған балалар есірткі қолданады, адам өлтіреді, тонайды, зорлайды. Ең кіші өлтіруші әлі 14 жасқа да толмаған. 2003 жылы 145 жасөспірім-нашақорлар айқындалған, олардың ішіндегі ең кішісі – 12 жаста.

А. Шөпшекбаеваның айтуынша, балалар қылмысы ұйымдасқан түрде жылдан жылға өсіп барады. Мұндай себептердің бірі – жағдайы нашар отбасылар. Алматыда 1807 баласы бар 1207 жағдайы нашар отбасы есепте тұр. 2003 жылы 104 адам ата-аналық хұқығынан айырылған.

А. Шөпшекбаеваның пікірінше, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсуінің басқа себебі – ол теледидардың әсері, яғни үнемі көрсетілетін зорлық, қатыгездік және адам өлтіруді көрсететін фильмдер. Осыған компьютерлік ойындарды да келтіруге болады, өзіне қарсы жауды міндетті түрде қыруы керек. Жасөспірімдер компьютерлік ойындарға ақша табу үшін, қылмысқа барады.

Мәскеулік дәрігер-психиатр А.Г. Мазур жасөспірімдермен 30 жыл жұмыс істегенде, ол тек қана 5–6 рет нағыз дромомандарды (қаңғыма ауруы бар адамдар) және 2 клептоманды (ұрлық ауруы бар адамдар) кездестіргені жайлы әңгімелейді. Ол кезде ауруханада адам өлтіруден ләззат алатын 2 садист жатқан. Мұндай балалар аз. Ал, қаңғыбастар арасында ақылдан алжасқан балалар көбейіп бара жатыр.

Ақыл-парасат кемдігінің себептерінің бірі – бұл балалардың ата-аналарының арасында маскүнемдік пен нашақорлықтың өсуі. Басқа себебі – балалардың токсикоманиясы. Токсикомания дегеніміз – залалды заттармен өзін ерікті түрде улауды айтамыз. Балалар «Момент» желімін иіскейді, содан олардың ақыл-

парасаты кемиді. Бұл желім мидың май бөліктерін ерітеді. Мазур дәрігердің бөлімінде жарты жыл «Момент» желімін иіскегеннен ақылдан алжасқан бала жатады. Алайда, қаңғыбас балалардың көбісі – ақылдан алжасқан балалар емес, олар әлеуметтік қараусыз қалған. Оларды ата-аналары тәрбиелемеген. Дәрігердің пікірінше, қаңғыбас балалардың келешегі – бұл бұзақылық [«Труд», 2002 жыл, 14 маусым].

Егерде баласы нашақор болса, ата-анасының жағдайы қандай болмақ? Әрине, ата-аналар әртүрлі. Кейбіреулері маскүнем және нашақор болғандықтан, өз тәртіптерімен баласын тікелей осыған жеткізеді. Басқа ата-аналар баласын дұрыс тәрбиелемейді, шектен тыс еркелетеді, еркеліктеріне тыйым салмайды. Үшінші жағдайда, жасөспірімдер дамуда артта қалып, жарамағандықтан, бөлініп, өздерін көрсетуге тырысады да, нашақор болады.

Адам тәртібіндегі конфоризмді (көнбістікті) айтқанда, адам қой тәрізді, өз табының артынан жүреді, оның жетекшісі етіп, малшылар кейде серкені ұстайды. Әсіресе, алдымен қасапханаларда серкелерді ұстаған, олар өз артынан қойларды қасапханаға жетектейді. Соңында серкені қайтадан жаңа қой отарын басқару үшін, тар қақпа арқылы босатады… Жас адамдар арасынан серіктес нашақор-серке шықса, онда басқа жасөспірімдер (үлкен адамдар да болса) жоғарыда айтылған қойлар сияқты оларға ұмтылып, «осы заманға сай» болмауынан қорқып, есірткіге» құмар бола бастайды.

Міне, осындай адамдар И.А. Крыловтың «Піл және Моська» әңгімесіндегі Моська сияқты «төбелессіз үлкен бұзақыларға ұшырайды», яғни ешбір күшсіз, «мықты» болады. «Мықты» болуға ұмтылу – бұл қабілетсіз адамдардың қасиеті. Олар қандай да бір жолмен, мысалы, ақылымен, дарынымен айналадағы адамдардың көңілін өздеріне аудара алмайды. Осыдан жас қыздар темекі тартады, арақ ішуді бастайды.

Өз еркімен нашақор болған адамға қалай көмек беруге болады? Нашақорға тек бір ғана қатынас түрі болуы мүмкін – бұл емделу. Қоғам нашақорлар мен маскүнемдерді емдейді, қылмыскерлерді түзеуге ұмтылады, сол себепті қоғам оларға адам сияқты қарайды, бірақ олар – адамның бар адамгершілігіне «жау». Олардың жа-

сайтын қылықтары өздерін және айналадағыларды қоскқанда адамзаттың жойылуына алып барады.

Олар басқа адамдарды бақытсыз етеді: ішуге, есірткіге, мейрамханаларға және казиноға ақша жұмсау үшін, адамдарды өлтіреді, тонайды, мүгедек етеді, жансыздандырады және олардың ақшалары мен құнды заттарын ұрлайды. Мұндай адамдарды аяу және оларға жанашарлық білдіру – адамгершіліксіз болар еді. Бірақ осы заманғы көркемөнер – оларды жиі кітап пен кинолардың басты кейіпкерлері етеді. Сондықтан, қоғамның деградациясы болып, есалаң вирусы қоғамның санасына таралады.

Қоғамда маскүнемдер мен нашақорларға деген қарсы қатынас ашық көрсетілмеген. Сол үшін қоғам балалардың нашақор болуына кінәлі. Қоғам балаларға басқа өз құндылықтарымен бірге нашақорлықты да жүктейді. Барлығының айқайы: «Жастар есірткіге қарсы!» Бұндай тақырыптарға дискотекалар жүргізіледі. Нашақорлыққа қарсы күрес – нашақорлар жарнамасына ұқсас. Көшелерде барлық жерде темекі және арақ-шараптардың жарнамалары...

Теледидарда жарнамалардың ұятсыз, тәртіпсіз көріністері бар: ішіп ал, атап өт, дәмін тат. Жарнама жастарды өздерін қинамауға шақырады: тісіңді тазалама, денеңді жума, тамақ істеме және үстелде отырма. Бәрінде де сатып ал! Сағызды, дезодорантты, сатып ал, сникерсті же! Жастар пепсиді таңдайды (Шынында, тек жастардың денсаулығы ғана пепсиді көтереді). Балалар осындай айқайға сенеді. Балалар құрдымға кетіп бара жатыр.

«Барлық балаларды құрту үшін, соғыстың қажеті жоқ», – деп баласы нашақор болған Б. Ольга газетке жазады. Оның күйеуі болса, бұндай жарамсыз баланы тек жек көріп, ұрады. Ал, Серік атты бір әке өзінше істеген. Оның 15 жасар қызы нашақор болады. Сонда ол басқа азап шеккен ата-аналарды, өзінің достарын жинап, есірткі сататын үш адамды өмір бақи естерінде жүретіндей етіп «оқытты».

Қылмыскерлерді «оқытуға» міндетті, қарызды адамдар, керісінше, бұл іспен айналыспайды. Мемлекет «үлкен ақша» табатын жағдайларға қарсы күреске, тіпті бұнда халықтың жойылуында да (темекі, маскүнемдік жарнамасы, есірткі саудасы,

жасырын спирттің саудасы және т.б.) әлсіз, яғни мемлекеттің адамдарына (құқық органдарында, шенеуліктерге, депутаттарға) қылмыскерлер «үлкен ақшасының» бір бөлігін береді. Мәселен, 2003 жылы Ресей парламенті сыра жарнамасына тыйым салу туралы заңын қабылдай алмаған… Есірткі саудасын тікелей тамырымен кесіп өтуге болады, бірақ «кесіп өтушілер» сатушылардың қарамағында. Қашанда қандай да бір себеппен парадан бас тартса, онда «бұл туралы адамдар таңқалып айтады». Наркобаронның ағасынан 10 мың доллар пара алмаған бірінші Алматы полициясы туралы газеттің мақаласында айтылады [«Столичная жизнь», 2003 жыл, 11 желтоқсан].

Балалар үлкендерге қарағанда жан-жақты қорғалуға мұқтаж. Қазақстанда үкіметтен тыс және халықаралық ұйымдардың қолдауымен әйелдер мен балалар үшін 14 дағдарысты орталықтар жұмыс істейді; «Ана мен баланың денсаулығын сақтау» бағдарламасы өңделген. Бейімделмеген балалар мен жасөспірімдер үшін мекемелердің тапсырмалары мынадай болады:

– қараусыздық пен қаңғыбастықтың профилактикасы;

– амалсыз жағдайға ұшыраған балаларға психологиялық-дәрігерлік жәрдем;

– балалар мен жасөспірімдерде дұрыс тәртіппен айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауды қалыптастыру;

– жетім балаларға қамқорлық ұйымдар ашу;

– тұлғаның дағдарыс қалпынан шығу үшін психологиялық-педагогикалық жәрдем;

– отбасына оралуға көмектесу;

– кейінгі тұратын жеріне, білім алуына қамқорлық жасау.

Жетім балалар мемлекеттік және отбасылық үйлерде, интернаттарда тұрады, олар шетелдіктердің және басқа адамдардың асырап алуымен отбасыларда патронат жүйесі бойынша тәрбиеленеді. АҚШ-қа жыл сайын шекарадан 20 мыңға дейін балалар әкелінеді, оның ішінде Қазақстаннан 2 мыңнан астам жетім балалар шығарылған. Мәжіліс депутаты А. Айталы Қазақстандық балаларды «сатуға» қарсы.

Қазақстанның өзінде нәрестені асырап алуға үлкен кезек. Ақ нәсілге жататын нәрестелерді асырап алу мүмкін емес, өйткені

ондай нәрестелер жоқ. Қиналатын жағдай – балалардың көбінің ата-аналары тірі. Олар кейін асырап алушыларды тауып, олардан ақша талап етуі мүмкін. Балалар үйінің директорлары да балаларды бергілері келмейді, өйткені әр бала үшін мемлекеттен қосымша ақша бөлінеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда патронат туралы мәселе – ол отбасында балаларды тәрбиелегені үшін, мемлекеттен ақша алуы (айына 15 мың теңге). 2004 жылдан бастап Алматы әкімшілігі патронат мәселесін шешумен айналысуға дайындалып жатыр. Американдық Френсис Калавей 4 бала тәрбиелеп жатыр, оның ішіндегі бір қыз – Қазақстаннан. Ол «балалардың жаман болуы мүмкін емес, барлығы тәрбиеге байланысты» деп айтады.

Жасөспірім қыздардың да өз мәселелері бар. Алматыда 13 жасөспірімдердің гинекологиялық кабинеттері ашылған. Дәрігерлерге конфиденциальды түрде жасөспірімге тегін жәрдем көрсету және олардың барлығына презервативтер беру туралы бұйрық берілген. Қазіргі уақытта Қазақстанның балалар үйінде «жас» аналар бас тартқан 112 мыңнан астам бала бар.

Әлеуметтік жұмысты кәмелетке толмаған қыздармен Қазақстанның іскер әйелдер Ассоциациясы жүргізеді (президенті Раушан Сәрсембаева). Ассоциация «Қызыл алма» атты ақпараттық қызметті ашты. Бұл Ассоциация қиын жағдайға түскен қыздарға бірнеше жыл бойы көмектесіп келеді. Халықаралық ұйымдардың көмегімен бірге «Біздің, қыздардың, өз арамызда» деген жобасы қ ұрылды.

Арнайы дайындықтан өткен (тренинг өткен) Алматы колледжінің студент қыздары арасынан волонтерлер тобын жинап, Алмалы ауданының мектептерінде жұмыс істейтін болған. Қыздар өз құрбыларына көбірек сенеді деп саналады. «Біздің, қыздардың, өз арамызда» жобасының мақсаты – бұл екіқабат болып қалудан сақтану, жыныстық қатынастар арқылы берілетін инфекция профилактикасы, аборт санын азайту.

С.А. Назарбаева бастамаларының арқасында «Отбасылық бала ауылдары мен жастық үйлері туралы» заң қабылданған. Үміт үйлері құрылады. Өз баласын тәрбиелеуге қиналатын ана, баланы 7 жасқа толғанға дейін уақытша Үміт үйіне орналастыруына

болады. Ол балаға жүйелі түрде барып тұруы керек, ал сосын баланы қайта үйіне алып кетеді. Соның бәрі құпия болып сақталады. Нәтижесінде 90 пайыз аналар өз балаларын алып кетеді.

8. АУРУ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

1) Мүгедектер пациенттер есебінде. Егер адам өмірде өзін-өзі қажетті нәрсемен қамтамасыз ете алмаса, мүгедектердің құқығын қорғау туралы Декларацияның (БҰҰ, 1975) келісімімен ол адам мүгедек деп есептеледі. 1989 жылы БҰҰ мүгедек балалардың құқығы, яғни дұрыс өмір сүруі үшін, барлық жағдай жасалынуы туралы Конвенция шешім қабылдады. Бұдан бұрынырақ, дәлірек айтқанда 1971 жылы БҰҰ ақыл есі жетілмей қалғандарға да осындай Декларация қабылдады.

Мүгедектік медициналық жағдайға ғана жатпайды, сонымен бірге әлеуметтік-медициналық жағдай болып саналады. Мүгедектерге көмек көрсету технологиясы әлеуметтік-экологиялық үлгіге негізделеді, мүгедектер өздерінің ауруларына ғана байланысты емес, сонымен қатар қоршаған ортаның қажеттілігінің жетіспеушілігінен де қиыншылықтар көреді.

Мүгедектер соңғы жылдары спортпен белсенді айналысуға ұмтылуда. Республикааралық жарыстардан жеңіп шыққан спортшылар, халықаралық мүгедектер жарысына қатыса алады. Дені сау адамдарға мүгедектердің бір беріктігінен үлгі алуға болады. Бізде, Қазақстанда Өскемендік А.Н. Федорченко атты ерекше бір адам тұрады, жасы – 43-те. Ол сәтсіз оқиға жағдайға түсіп, соның нәтижесінде аяқтан тізеге дейін және қолдан шынтаққа дейін айырылған. Ол бұдан бейімделіп шығып, таксист болып 30 жасынан жұмыс істеген.

Мүгедектер әр түрлі топқа бөлінеді. Мүгедектің шығу тегі бойынша: бала кезден мүгедек, соғыс мүгедегі, еңбек мүгедегі және жалпы аурулардың мүгедегі. Жасына байланысты: – бала мүгедектер және ересек мүгедектер. Еңбекке жарамды дәрежедегі мүгедектер: еңбекке жарамды және еңбекке жарамсыз; 1-ші топ мүгедектері (еңбекке жарамсыз), 2-ші топ мүгедектері (уақытша еңбекке жарамсыз) және 3-ші топ мүгедектері (шектеулі жағдайда еңбекке жарамды) болып бөлінеді. Ауруларына қарай мүгедектер мобильді, аз мобильді немесе қозғалмайтын топтарға жатады.

Мүгедектерге мынадай қызмет түрлері көрсетіледі:

– үйге дәрігерлік көмек көрсетіп, әлеуметтік қызмет ету;

– жартылай стационарлық қызмет көрсету (ауруханада күндіз немесе түнде болу);

– интернаттар, пансионаттар және тағы басқаларында стационарлық қызмет ету;

– ерекше жағдайларда жедел әлеуметтік қызмет ету (тамақтандыруды ұйымдастыру, киіммен, аяқ киіммен, уақытша тұрғын үймен қамтамасыз ету);

– әлеуметтік-кеңестік көмек.

Мүгедектердің тегін тұрғын үймен, дәрігерлік қызмет түрлерімен, протез, көзілдірік, есту құралдарын, мүгедек арбасын, қозғалу үшін пайдаланатын автокөлік алуға құқығы бар. Қажет жағдайда мүгедектерге жұмысқа орналасуына көмектеседі.

Өмір сүріп жатқан мүгедектерді, оның ішінде мүгедек балаларды қоршаған ортаны микросистема, мезосистема және экосистемаға бөлуге болады. Отбасындағы өмірді микросистема түрінде көруге болады. Бұл жерде ата-ана мен мүгедек бала, мүгедек бала мен дені сау бала арасында әртүрлі байланыстар пайда болады. Көбінесе қиыншылықтар ананың мойнына жүктеледі. Отбасында ауру бала пайда болғанда, әкесі кейін үйден кетіп қалуы да мүмкін. Анасы жиі-жиі қиын жағдайда қалады. Мүгедектің отбасы өзін қоршаған ортамен (денсаулық сақтау қызметкерлері, әлеуметтік қызметкерлер, туыстары, көршілері) мезосистеманы құрайды. Экосистема сырттай көмек көрсетеді. Бұған ұлттық, дін жөнінде, экономикалық және саясаттық отбасының қоршауы кіреді.

Мүгедектермен жұмыс істеу 2 түрлі бағытта болады: абилитация және реабилитация. Абилитация ауру баланың жаңа қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасауға бағытталған. Ал, реабилитация баланың болып кеткен қабілеттілігін қайта қалпына келтіруге бағытталған.

1992 жылдан бастап БҰҰ шешімімен Халықаралық мүгедектер күні 3-желтоқсан болып белгіленді. Тілші Ажар Сабыралиева «Кеңес» балалар реабилитациялық орталығында болып, бас директор Майра Сүлеевамен сұхбаттасты («Новости недели», № 48, 2003 жыл, 3–9 желтоқсан).

Мақалада мүгедек балалар мен дені сау балалардың біріктіріліп оқытылуы жөніндегі мәселе қозғалды. Ауру баланың көпшілігі мүлдем оқымайды. Ал, шетелдерде шектеулі мүмкіншіліктері бар балалар жалпы орта мектептерде оқиды. Егер балаға әлеуметтік мұғалім қажет болса, мысалы, дефектолог, онда мектеп мемлекеттен қосымша қаражат алады. Жағдайы ауыр балалар арнаулы сыныптарда оқиды, бірақ мектептің барлық бағдарламаларына қатысады. Мақаланың авторы балалардың біріктіріліп оқытылуы – балалар үшін пайдалы; ол ауру балаларды өсіп жетілдіреді, ал сау балаларды мейірімділікке баулиды.

М.М. Сүлееваның айтуынша, әр отбасында мүгедек балаларды оқыта алатындай мүмкіндік болуы керек, ал мемлекет болса қаржыландыруды өз мойнына алады. Қазір мемлекет әр отбасына артығымен ешнәрсе төлемейді, өйткені әр отбасы ай сайын баласына 3700 т., ал арнайы мекемелерде бір балаға 15000 теңге бөлінеді.

2) Жасы келген адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізу. Қарт адамдардың саны бүкіл әлемде өсуде. Бұл денсаулық сақтау орталықтарының жетістіктерімен, өмір жасының ұзаруымен және сонымен қатар бала туудың төмендеуі мен байланысты.

Қартаю туралы ғылым «геронтология» деп аталады, ал «гериатрия» жасы келген адамдарды емдеумен шұғылданатын медициналық бөлім. «Жасы келген адам» деген түсінік өзіне үлкен айырмашылықты енгізеді. Жасы 60-тан асқан адамдар қарт адамдар болып есептелінеді. ӘДҰ жасы келген адамдарды үш топқа: адамдардың жасы келіп, қартая бастауы (60-тан – 74 жасқа дейін), қартайған кезі (75-тен – 89 жасқа дейін) және ұзақ өмір сүрушілер (90-нан жоғары) деп бөледі. Қартайған адамдардың ішінде еркек адамдарға қарағанда, әйел адамдар көп.

Қарт адамдардың өмірі – олардың денсаулығымен, бірінші кезекте өзін-өзі бағалап, өмірдегі белсенділігімен ерекшеленеді. Қарт адамдардың арасында қарттар үйінде немесе үй жағдайының шарттарында өмір сүріп жатқандарда үлкен айырмашылық бар. Қарттар үйінде тұрғанда психикалық ауытқушылық орын алады.

Қарт адамдармен жұмыс жүргізу үшін, олардың бұрынғы және қазіргі әлеуметтік жағдайын, психикалық ерекшеліктерін,

материалдық және рухани қажеттіліктерін біле отырып, әлеуметтік ғылыми зерттеулерге сүйенген жөн.

Қарт адамдардың бәріне бірдей қарауға болмайды. Жасы келген кейбір адамдар зейнеткер атанып, қартая бастайды. Ал, кейбіреулер болса, зейнеткерлік өмірді көрмей, өмірінің соңына дейін жұмыс істеп өтеді. Ой еңбегімен айналысқандар, мұғалім болып істегендер өздерінің шығармашылық еңбекке деген қабілеттілігін, ой-жарқындығын көпке сақтайды. Мәселен, 2000 жылы Ресей академигі Жорес Иванович Алфёров 70 жасында «Нобель» сыйлығына ие болып, өзінің ғылыми зерттеулерін әрі қарай жалғастыруда. Ал 2003 ж. академик Виталий Лазаревич Гинзбург 85 жасында «Нобель» сыйлығын алып, әрі қарай өз жұмысын жалғастырды.

Қарт адамдардың мәнді түрде өмір сүруіне, қоғамдық жұмыстармен айналысуына, өздерінің шамасы жеткенше еңбек етуіне, балаларды тәрбиелеуіне мүмкіндік беру керек. Ал бізде балалар да (шетелдерге жөнелтеміз), қарттар да (о дүниеге аттандырамыз) артық. Болат Аюхановтың айтуына қарағанда: «Біздің елде зейнетке шыққан адам, ол 3 жерден академик болса да, мемлекетке керегі болмайды және оған тек тыныш қана өлімін күту қалады» [«Труд», 2003 ж., 27 қараша].

Қазақстанда ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің мәліметі бойынша, 1,6 миллион зейнеткер, 58 жалғыз басты қарттар мен еңбекке жарамсыз азаматтарға арналған интернат үйінде 16 мың адам тұрады. Қарттар мен мүгедектерге үйіне әлеуметтік қызмет көрсететін 326 бөлім, 32 мың адамдарға қызмет көрсететін 6 аймақтық орталық бар.

Зейнеткерлерге үйлерінде әлеуметтік қызмет көрсетуге мыналар жатады:

– азық-түлікпен қамтамасыз ету және үйіне жеткізіп салу;

– ең керекті тауарға, дәрі-дәрмекке қол жеткізуге көмек;

– дәрігерлік көмек көрсету және ауруханаларға жеткізілу;

– гигиеналық нормалармен шартты түрде өмір сүріп жатқандарға қолдау жасау;

– әр түрлі әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету (тұрғын үйді жөндеу, отынмен қамтамасыздандыру, аулаларды өңдеу, су жеткізу, коммуналды қызметтерді төлеу т.б.) қызметі;

– құжаттар жасауға, оның ішінде бағу және бақылауға алыну үшін, тұрғын үйді айырбастау, халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріне стационарлық түрде орналасуына көмек;

– жалғыз басты қайтыс болғандарды көмуге және ритуалды көмек көрсететін бөлімдер.

3) Қатты науқас адамдармен әлеуметтік жұмыс жүргізу. Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы (ӘДҰ) тек қана аурудың жоқтығын ғана емес, сонымен қатар денсаулықтың қалпы, ішкі жан дүниесі мен әлеуметтік амандығы деп анықтайды. Қазіргі қиын жағдайда дәрігерлік-әлеуметтік жұмыс жаңа сапалы әлеуметтік жұмыс ретінде бағытталады. Дәрігерлік-әлеуметтік көмек – бұл мемлекеттік дәрежеде өткізілетін шаралар комплексі. Бұған профилактика, ауруды анықтап емдеу, реабилитация, протез қоюына көмек көрсету және ауру адамдар мен мүгедектерді күту жатады.

Әлеуметтік-дәрігерлік жұмыс денсаулық сақтау мен халықты әлеуметтік қорғаудын бірлесуімен жасалады. Медицина қызметкерлері іс-тәжірибесінде әлеуметтік қызметкерлердің кейбір міндеттерін орындайды, ал әлеуметтік қызметкерлер медицина жағынан білімді және іскер болуы керек. Бұған әртүрлі қызмет кіреді [Қар.: «Технология социальной работы». М., 2001, 223–224-б.]:

– аурулардың күтімін және медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, оның ішінде созылмалы аурулар да;

– гигиеналық ағартушылық;

– қамқорлық пен қамсыздандыруды жасау;

– жеңілдік, жәрдемақы және әлеуметтік қорғаудың басқа түрлерін клиенттерге хабарлау;

– тұрмыстық және тұрғын үй мәселелері және зейнетақы, жәрдемақы алуға клиенттерге көмектесу;

– отбасындағы жағдайды жоспарлау;

– психиатрияда, наркологияда, гериатрияда, онкологияда, хирургияда және т.б. жерлерде әлеуметтік жұмыс жүргізу;

– СПИД ауруының таралуынан сақтандыру.

Әлеуметтік қызметкерлердің клиенттері олардың негізгі ауруларына еріп жүретін әртүрлі аурулармен ауыруы мүмкін. Мысалы, маскүнемдердің бауыры іріп, жүрек-тамыр жүйесі ауруына шалы-

нады, бас миы жарақаттанады, психикасы бұзылады. Маскүнемнің өз әйелін өлтіруге алып баратын патологиялық қызғанышы бәріне танымал. Нашақорлар және таксикомандармен бірге жүретін мінез-құлықтар: өзін-өзі өлтіру әрекеті, әр

түрлі сыбыр-күбір елестері, галлюцинация, ақылдан адасу, т.б.

Онкология ауруларының өсуі, психикалық ауытқулар, туберкулездің өсуі байқалып жатыр; СПИД-пен ауырғандардың саны көбейіп жатыр. Онкологиялық аурумен ауырғандарға профилактика мен аурудың алдын алу үлкен нәтиже береді. Рак (ісік) ауыруының бастапқы кезін емдеуге болады. Туберкулёз кезінде тұрмыс жағдайын жақсарту керек, жақсы тамақтану керек. Қатты ауыратын адамдар үнемі стресс жағдайында болады. Қостанайлық дәрігер Раиса Давыдова «СПИД-пен ауырғандар өз ауруы үшін басқа адамдардан “кек алғысы” келеді және адамдарға СПИД жұқтырғысы келеді» деп әңгімелейді.

Қазақстанда СПИД-тің негізгі тасушылары болып нашақорлар мен жезөкшелер саналады. Бұл аурудан қайтыс болғандардың саны да бар. Қарағанды облысы Теміртау қаласы үшін республикада СПИД-пен ауырғандар саны бойынша бірінші орын алады. 2003 жылдың наурыз айында өлгендердің арасында 57-сі ауру және 193-і СПИД жұқтырып алғандар болған. Олардың көбісі нашақорлар еді. Қарағанды облысында СПИД жұқтырған әйелдерден 35 бала (олардың тек екеуінде ғана анасынан инфекция берілсе, қалғандары сау балалар) туылды.

Теміртау қаласында нашақорлар арасында Лёня деген 12 жасар баланы кездестіруге болатын. Ол иммунодефицит вирусын жұқтырған. Мұндай бала журналистерді қатты қызықтырады. Лёняны Мәскеулік ОРТ телеарнасында көрсеткен. Лёняның ешкімге керегі жоқ. Ол көптен бері көшеде бомждардың арасында өмір сүрген. Оның ата-анасы бар, әкесі ішкендіктен оны үйден қуып шыққан.

Қатты ауруларға психикалық аурулар да кіреді. Психикалық аурулар емделеді, бірақ толығымен емделінбейді. Психикалық аурулардың пайда болуы мен созылуын түсіндіретін әр түрлі теориялар бар [Қар.: Психиатрия. Уч. пособие для студентов мед. вузов. Под ред. В.П. Самохвалова.– Ростов н/ Д… 2002].

Психиатриялық түсінік симптомдар (негізгі белгілерімен) мен синдромдардың (белгілердің сәйкестігі) анықталуымен, ауру ерекшеліктерінің созылуының зерттеумен байланысты. Нейропсихологиялық әдіс психиканың бұзылуын мидың жарақаттануымен байланыстырады. Психоанализ психикалық бұзылуларды адам бейімделуінің ерекше формасы деп қарастырады. Адам жасына байланысты психикалық аурулардың қозу кезеңі «6» санына бөліну керек: 6, 12, 18, 24 және т.б. Мысалы, 30 жаста психикалық ауру қозу мүмкін. Психикалық аурулардың биологиялық түсінігі адам дамуы мен биологиялық қалыптасудан басталады. Бұнда адамның мұрагерлігі, жынысы, биохимиясы, конституциясы, эволюциясы және адаптациясы есепке алынуы керек.

Мәселен, шизофрения аурулары, қояншық және аффективтік бұзылған жаралар биологиялық көзқарасына қарай бұндай аурулардың, тасып жүрушілердің белгілі артықшылықтарын беріп, адам эволюциясы нәтижесінде пайда болған. Шизофреник дене қызуы және аллергиялық шок ауруларын жеңіл көтереді, оларда кейбір кезде пайдалы болатын өзіндік аурушаң ойлау қабілеті бар. Психикалық аурулардың этникалық және мәдениеттік түсінігі өмірге сәйкес келеді. Осындай жағдайда туындаған аурулардың көбі дінмен байланысты болады. Психикалық ауру адамдар өзіне жын қонғанына сенеді (осыдан «жынданып кету» дейді). Орта ғасырларда, алғашқы қоғамда және надан халық арасында осыған ұқсас аурулар көп болды.

Біздің уақытымызда психикалық аурулардың экологиялық себептерін табу приципі құрылған. Адамның психика жағдайқалпына күн белсенділігі, күн ұзару жылы, магнит дауылдары, ауыз суда йодтың тапшылығы және т.б. әсер етеді. Қояншық (эпилепсия) ұстамасы ай толуымен байланысты, жылдың суық мезгіл уақытында туылғандардың арасында шизофрениктер жиі кездеседі, күннің белсенді уақытында мектептерде тәртіпшіліктің деңгейі төмендейді.

Шығу тегі бойынша психикалық аурулардың объективті түрде пайда болатын және адамның өзі қабылдап алатын түрлері болады. Бірінші жағдайда ауру адамға тәуелсіз болады. Екінші жағдайда

адам өз тәртібімен аурудың себепкері болады. Сондықтан бірінші жағдайда адам жанашарлық туғызады, ал екіншісінде оны айыптаймыз.

Адам ұйқы келтіретін, белсенділікті арттыратын дәрілер қабылдайды, сонымен қатар ләззат алу мақсатында темекі тартады, есірткілер және түрлі заттарды иіскейді, арақ пен есірткіні, психоактивтік дәрі-дәрмектер қолданады және жоғарыда айтылған миға зиянды заттарды қолдану әсерінен адам түрлі күйде болады.

Интоксикация дегеніміз – улану, жеңіл түрде мас болу, күлкі мен қуаныш, тынымсыз жылау, сіңірдің тартылуы, ойлау қабілетінің бұзылуы, есінен танып қалу, құсудың жеңіл түріндегі зақымдануды айтады. Ауыр формасындағы интоксикация өлімге дейін апарады.

Тәуелділік дегеніміз – адамның зиянды затқа үйренуін айтамыз. Физикалық тәуелділік тағамға құмарту сияқты зиянды затқа деген қажеттілік түрінде көрсетіледі. Адам темекі тарту процессінен немесе спирттік ішімдік ішуден ләззат алады.

Тәртіптік (психологиялық) тәуелділік әдеттегі істі істегенше (темекі тарту, бір рюмка арақ ішу), ол жұмыс істеуге, ойлауға жағдайы болмайды.

Абстиненция мынадай формаларда көрсетіледі: делирий (галлюцинациялар көру мен сандырақ ауруы), ұйқының бұзылуы, қорқыныш, сіңір тартылулар, сандырақ, депрессия (сары уайымға түсу, жабырқану жағдайы), құдалау ойлары, «дауыстың» естілуі.

Зиянды заттың қолданылуы нәтижесінде адамда физикалық және психикалық аурулар пайда болады. Физикалық (соматикалық) ауруларға гепатит, миокардит, бүйрек ауруы, өкпе ісінуі, бас аурулары жатады. Психикалық аурулар естің бұзылуы, сандырақ, галлюцинация, депрессия, деменеция, ұйқышылдық немесе керсінше, қозушылық, тұтанушылық, топастық тұрғыда байқалады. Есірткіден құтылғаннан кейін адамда емделінетін, бірақ толығымен емделінбейтін шизофрения аурумен ауыруға мүмкіндік бар.

Шизофрения психикалық аурудың ең көп таралғаны болып табылады. Бұндай аурумен азаптанатындардың 80 пайызы 15-тен 35 жасқа дейінгілерде байқалады. Ғалымдар бұл ауруға жер шарындағы халықтың 1 пайызы ұшырағанын ай-

тады. Шизофренияның негізгі көрсеткіші – бұл дезадаптация (бейімделудің бұзылуы). Классикалық оқиғада ауру адам өзін Наполеон деп мәлімдейді. Алайда біздің уақытымызда шизофреник-тер психотроптық құралдармен біреулердің оларға жасырын әсер етуі туралы, олар басқа планеталықтар кездескені туралы айтады. Шизофрениктер жиі «дауыс» естиді. Аурудың қатерлік формасында «дауыс» адамды өзінің өміріне жауыздық жасауға немесе басқа адамды өлтіруге «көндіре» алады.

Жер шарында әр жылы 800 мың адам өз өміріне қастандық жасайды. Францияда әр 12-ші жасөспірім өз өмірін қиюға әрекет жасайды. Францияда барлық өзін өлтірушілердің жартысынан көбісі – бұл жасөспірімдер. Ресейде жыл сайын 5 мың бала өз өміріне қастандық жасайды. Әлемде өзін өлтірушілердің саны бойынша Ресей екінші орынды алады (100 мың тұрғынға жуық). Литва – бірінші орында. АҚШ-та жыл сайын 30 мың адам өз өміріне қастандық жасайды, ал Жапонияда – 25 мың адам; 2001 ж. Ресейде 57,2 мың адам өз өміріне қиянат жасаған.

Қазақстан әлемде өзін өлтірушілер саны бойынша 9 орында болады. Дәрігерлердің айтуынша, олар барлық құтқарып алғандардың өз өміріне қастандық жасағанына қатты өкінген. Психолог Зәуре Қарақұлова «Суицид – бұл адамның өзіне басқалардың көңіл бөлгенін қалайды», – деп санайды. Адам көмекке мұқтаждығын көрсетеді [«Новости недели», № 2, 2003 ж., 15–21 қаңтар].

Әлеуметтік қызметкер клиентімен бірге қиын жағдайдан шығудың амалын табуға ұмтылу керек.

Өзіндік жұмысқа арналған әдебиеттер

1. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтік жұмыс. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004.

2. Альперович В. Социальная геронтология. Ростов-на-Дону, 1997.

3. Жаназарова З.Ж. Социальная работа с семьёй: Учебноне пособие для студентов гуманитарных факультетов высших учебных заведений. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

4. Кожамкулова Л.Т. Социальная работа города: принципы и направления. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

